



СЕМЕЙ

tanu

№99 (19726) 3 қазан, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Берік Уәли:

ОРТАҚ МАҚСАТ – ТУРИЗМДІ ДАМУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты биылғы Жолдауында туризм саласына ерекше мән берген болатын. Осы негізде облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен туризм саласының өзекті мәселелеріне арналған жиын өтті. Оған облыстық басқармалар, кәсіпкерлер палатасы, туристік компаниялар мен демалыс орындарының өкілдері қатысты.

«Туризм – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы халыққа арнаған Жолдауында осы салаға айрықша назар аударғаны белгілі. Президенттің тапсырмасына сәйкес облыс әкімдігі биыл Алақөлге ерекше көңіл бөлді. Наурыз айынан бастап өзін бірнеше рет барып, көшпелі жиындар өткіздім. Жағалауға 2018 жылдан бері жөндеу жүргізілмегені ескере отырып, облыстық бюджеттен 658 млн теңге бөлдiк. Туризмді дамытуда кәсіпкерлердің рөлі айрықша. Бұл сала сіздердің қолдауларыңызсыз дамымайды. Сол себепті бүгін сіздермен арнайы кездесіп, өзекті мәселелерді бірге талқылап, шешу жолдарын қарастыруды жөн көрдім», - деді аймақ басшысы.

Жиында облыстық туризм басқармасының басшысы Марат Қабаков өңірдегі туризм, Алақөл туристік аймағын дамыту жоспарлары туралы баяндады. Қазіргі таңда Абай облысында туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлініп, Алақөл жағалауын абаттандыру бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Көл жағалауындағы инфрақұрылымды нығайту үшін облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, арбатты жөндеу, жаңа қоғамдық кеңістік құру, көшелерді орташа жөндеу, пірстер орнату және жағалауды санитарлық тазалау жұмыстары атқарылды. Сонымен қатар 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы әзірленіп, жалпы құны 8,4 млрд теңге болатын жобалар жоспарға енгізілді. Олардың қатарында жаңа электр желісі, қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны, тазарту құрылыстары, құтқару станциясы мен өрт сөндіру депосының құрылысы бар.

Кездесу барысында Абай облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Мақсат Сүйінов, «S.G. travel» туристік оператор компаниясының директоры Айман Жакупова, «Ерасыл» демалыс базасының директоры Ерасыл Діқанбаев және тағы да басқа демалыс үйлерінің иелері өңір туризмін дамытуға қатысты ұсыныстарын айтты. Атап айтқанда, Алтын адам табылған Елеке сазы, тарихи орындар көп шоғырланған Абай ауданы, Курчатов қаласында ғылыми туризмді жетілдіру, жолдар мен интернет желісін жасарту, ақпараттық белгілерді орнату, гидтерді даярлау және қызмет сапасын арттыру, балалар туризмін дамыту, кәсіпкерлерді қолдау, экологиялық туризмді өркендетуге байла-



нысты ойларын ортаға салды.

«Бүгінгі кездесудің біз үшін мән-маңызы ерекше. Себебі Абай облысы деңгейінде туризм саласының өкілдері мен аймақ басшылығы алғаш рет бір үстел басына жиналып отыр. Бұл – саланың дамуы үшін маңызды қадам, ортақ ұнақтасудың бастамасы», - деді «S.G. travel» туристік оператор компаниясының директоры Айман Жакупова.

Жиын қорытындысында аймақ басшысы кездесуде көтерілген мәселелер мен ұсыныстардың барлығы ескерілетінін атап өтті.

«Бүгінгі кездесуде ашық әңгіме өрбіді деп ойлаймын. Құнды пікірлер айтылды. Сіздермен әрдайым ашық байланыста болып, серіктестік орнатуға дайынбыз. Туризм саласында өзекті мәселелер бар. Ортақ мақсатымыз – Абай облысының тартымды жерлеріне туристерді тартып, еліміздің туристік өңірлерінің біріне айналдыру», - деді облыс әкімі.

САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІНІҢ ОҢ ӨСЕРІ

Бүгін облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен әкімдік отырысы өтті. Жиынға басқарма, департамент басшылары және аудан, қала әкімдері қатысты. Отырыста мемлекет қатысатын кәсіпорындардың 2024-2025 жылдардағы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары және жоспарлары, сондай-ақ облыс аумағында тіркелмеген жер қойнауын пайдаланушы


кәсіпорындарды қайта тіркеу мәселесі талқыланды.

Бұл туралы Қаржы басқармасының басшысы Гүлфайрус Серікболова мен Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбеков баяндады. Қазіргі уақытта облыстың жер қойнауын пайдаланушыларды қайта тіркеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Соның нәтижесінде биылдың өзінде 14 кәсіпорын облысқа қайта тіркеліп, оның ішінде 10-ы заңды мекенжайын өзгертіп, 4-у филиалдарын ашты. Бұл жергілікті бюджетке түсетін салық түсімдерінің артуына және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізіп отыр. 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларында жер қойнауын пайдаланушылардан түскен салық көлемі 23,7 млрд теңгеге жетті. Сонымен қатар алдағы уақытта тағы бірнеше кәсіпорынды қайта тіркеу жоспарланып отыр.

«Еліміздің табиғи қазба байлықтарын заң талаптарына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ету – біздің басты мақсат. Себебі жер қойнауындағы табиғи қазбалар біздің болашақ ұрпағымыздың, еліміздің экономикасының тиімді дамуының кепілі», - деді облыс әкімі.

Жиында аймақ басшысы квазимемлекеттік сектор ұйымдарының қызметіне кешенді ішкі талдау жасап, анықталған кемшіліктер бойынша нақты шаралар қабылдауды, облыс әкімінің бірінші орынбасары Ербол Садыр мен Кәсіпкерлік басқармасының басшысына басқа өңірлерде тіркелгенімен, Абай облысының аумағында қызметін жүзеге асырып отырған жер қойнауын пайдаланушыларды қайта тіркеу бойынша тиісті органдармен бірлесіп кешенді жұмыс жүргізіп, нәтижесін баяндауды міндеттеді. Сонымен қатар аудан, қала әкімдері және құқық қорғау органдарымен бірлесіп, жер қойнауын заңсыз пайдалану фактілерін анықтау үшін рейдтік шаралар ұйымдастыру керектігін айтты. Сондай-ақ облыс әкімі отырыста жылу құбырларын ауыстырғаннан кейін қазылған жерлерді қалпына келтіру жұмысын уақтылы өрі сапалы жүргізуді, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбіліктерді тұрақты түрде жалғастыруды, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынған медициналық нысандарды пайдалануға беру жұмыстарын жеделдетуді тапсырды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



АЙТЫЛДЫ,
ОРЫНДАЛДЫ

АҚСУАТТЫҚ ӨНЕРПАЗДАРДЫ ҚУАНТТЫ

Жақында Абай облысының әкімі Берік Уәлиұлының Ақсуат ауданының халқымен кездескені белгілі. Осы кездесу барысында аудандық мәдениет үйіне жаңа үлгідегі музыкалық аппаратура қажеттігі айтылған еді. Арада бір апта өтпей, көптің көкейінде жүрген мәселе облыс әкімінің қолдауымен бірден шешіліп, облыс орталығынан заманауи музыкалық құрал-жабдықтар Ақсуатқа жеткізілді.

Осы орайда Ақсуат ауылындағы аудандық мәдениет үйінде өткен салтанатты жиын барысында аудан әкімі Еркін Ескендіров жаңа аппаратураны өнер ұжымына ресми түрде табыстап, аудан халқының атынан аймақ басшысына шынайы алғысын білдірді.

АЛДЫҒЫ ТОЛҚЫН

ДАНАЛЫҚ ПЕН ПАРАСАТТЫҢ МЕРЕКЕСІ

ОБЛЫСЫ ӘКІМІ БҰЛ КҮНДІ
ОСЫЛАЙ ДЕП БАҒАЛАДЫ

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай, Семей қаласында салтанатты қабылдау шаралары өтті. Қарияларға құрмет көрсетуге арналған жиынға облыс әкімі Берік Уәли, өңірдің қала-аудандарынан ардагерлер қатысты. Аймақ басшысы ардагерлерді мерекелік құттықтап, олардың қоғамдағы орны мен сіңірген еңбегіне құрмет білдірді.



«Бүгін – даналық пен парасаттың мерекесі. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Егемен еліміздің тарихи бастауында тұрып, қуатты мемлекетті қалыптастыруда дария кеуде, тау мүсін, қазыналы қарттардың еңбегі ұшан-теңіз. Қазіргі қоғам жол көрсетіп, жөн сілтейтін ұлттық тәрбиенің негізі болған ақсақалдармен құнды. Сіздер өнегелі өмір тәжірибесінің қайнар көзі, бастау бұлағысыздар. Мемлекет тарапынан ел Президентінің қолдауымен аға буын өкілдеріне әлеуметтік қолдауды күшейту бағытында нақты шаралар қабылданып келеді. Абай облысында да зейнеткерлерге жан-жақты қолдау көрсету басым бағыттардың бірі болып қала бермек. Атадан қалған аманатты ұрпақ бойына сіңіріп, сабақтастықты үзбей, қоғам игілігі жолында атқарған зор еңбектеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін», - деді облыс әкімі.

Шара барысында өңірдің әр саласында еңбегімен еленген ардагерлер облыс әкімінің алғыс хаттарымен, республикалық Ардагерлер ұйымының төсбелгісімен және грамотасымен, алғыс хаттарымен марапатталды. Аға буын өкілдеріне шығармашылық ұжымдар мерекелік бағдарлама ұсынды. Жылы рәуіште өткен кездесуде ардагерлер елдің береке-бірлігі, жастардың болашағы туралы ойларын ортаға салды.

«Биылғы жылды Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп белгілеген болатын. Бүгінгі мерекеге Семей, Курчатов қалаларынан, облысымыздағы 10 ауданнан кезінде механизатор, сауыншы, шопан, бақташы болып жұмыс істеген қарапайым еңбек адамдарының арнайы шақырылып, марапатталып жатқаны бізді қуантып отыр. Барлық ардагерлердің басын қосып, құрмет көрсеткені үшін ардагерлер ұйымы атынан үлкен алғысымды айтып келеді», - деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Әлин.

Қазіргі уақытта өңірде 100 мыңға жуық зейнет жасындағы қария тұрады. 2023 жылдан бастап облыстық мәслихат шешіміне сәйкес жергілікті атқарушы органдардың бастамасымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде «Қарағайлы» санаторий-курорттық емдеу орнына зейнет жасындағы азаматтарды сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылды. Нәтижесінде сауықтыру шараларымен 6 мыңға жуық адам қамтылды.

Еркежан ҚАЙСА

ӨЗЕКТІ

Облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласындағы бірқатар нысандарды аралады. Әуелі шаһардың сол жағалауында орналасқан «ЖЭО-1» қазандығында жүргізілген жөндеу жұмыстарымен танысты.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРҒА ЖЫЛУ БЕРІЛДІ

Жылу орталығы қаладағы 389 көп қабатты тұрғын үйді, 51 әлеуметтік нысанды, 60 бюджеттік ұйым мен 632 коммерциялық кәсіпорындар жылумен қамтамасыз етеді. Жалпы абоненттер саны – 24 463. Жылу орталығында 5 ірі қазандық жұмыс істейді. Оның төртеуі негізгі, біреуі қосымша қазандық ретінде пайдаланылады. Биыл мұндағы бірнеше қазандықтарда ауа қыздырғыштары, көмір жүретін құбырлар толық ауыстырылып, экранды құбырлар жаңартылды. «ЖЭО-1» бастығы Алмас Күзеновтің айтуынша, су жүйесінде де ауқымды жұмыстар атқарылды. Бұған дейін Ертістен алынған су алдымен химиялық тазартудан өткізіліп, содан кейін күшейту үшін сорғылар арқылы жіберілетін. 1960 жылдардан бері жұмыс істеп тұрған сорғы қондырғылары биыл толық ауыстырылды. Көмір қоры да жеткілікті, қазіргі уақытта қоймада 74 мың тонна тұр. Қазіргі таңда облыстың барлық қала және аудандарында жылу көздері іске қосылып, аба-

ненттерді жылумен жабдықтауға кезең-кезеңімен қосу басталды. Әлеуметтік нысандарға бірінші кезекте жылу беріліп, барлық нысандарды толық қосу 5 қазанға дейін аяқталады. Аймақ басшысы жылу орталығын аралап, көмір қоймасын көрді.

«Өңірде 29 маусымнан жылу беруді бастадық. Әлеуметтік нысандарға жылу берілді. Тұрғын үйлер өздері қажетіне қарай қосып жатыр. Биыл Үкіметтің қолдауымен облыстағы тозығы жеткен бірқатар жылу желілері қалпына келтіріліп, ауыстырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде, кезең-кезеңімен жалғасады», - деді облыс әкімі.

Биыл Үкімет резерві мен облыстық бюджет есебінен Семей қаласындағы жылу электр орталығы мен Аягөз қаласындағы «Орталық» қазандығында, жылу желілерінде жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Жарма ауданы Шуақ ауылындағы қазандыққа жөндеу жүргізілді.

Өз тілшіміз



МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

БІРЛЕСІП ШЕШУДІҢ МӘНІ ЗОР

Абай облысы мәслихатының кезекті XXX сессиясы өтті. Отырысқа облыс әкімі Берік Уәли, Абай облыстық мәслихатының төрағасы Шалқар Байбеков, депутаттар, тиісті басқарма басшылары және БАҚ өкілдері қатысты. Сессия барысында облыстың 2025 жылғы жылу маусымына дайындығы, Семей қаласындағы жолаушылар тасымалы, облыстық бюджетке өзгерістер енгізу, ортақ су пайдалану қағидаларын бекіту мәселелері жан-жақты қаралды.



Бірінші мәселе бойынша облыс әкімінің орынбасары Серік Төленбергенов баяндады. Оның айтуынша, облыстағы барлық жылу көздері іске қосылып, абоненттердің жылумен жабдықтауға кезең-кезеңімен қосу басталды. Жылумен ең алдымен әлеуметтік маңызы бар нысандар: мектептер, ауруханалар, балабақшалар қамтамасыз етіледі.

Сессия барысында халық қалаушылары тарапынан бірқатар депутаттық сауалдар жолданды. Жиын соңында сөз алған аймақ басшысы депутаттарға қаралған мәселелерді қолдап, белсенділік танытқандары үшін алғыс білдіріп, өңірдің өзекті проблемалары кезең-кезеңімен шешілетінін атап өтті.

«Бүгінгі Абай облысы мәслихатының кезекті сессиясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ықпал ететін бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Бюджетке енгізілген түзетулер, жылу беру маусымына дайындық барысы, облыс орталығындағы жолаушылар тасымалы – барлығы

да халықтың өмір сапасын жақсартуға, күнделікті тұрмыс жағдайын көтеруге бағытталған өзекті мәселелер. Бұл шешімдердің тиімді жүзеге асуы – біздің өзара үйлесімді жұмысымызға тікелей байланысты. Сіздердің тараптарыңыздан әрдайым қолдауды сезініп, көріп келе жатырмыз. Мәслихат пен облыс әкімдігі бірлесіп әрекет етіп, шешімдер қабылдаған жағдайда ғана алға қойған мақсаттарымызға қол жеткіземіз. Халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бірлесіп атсалысатымыз. Алдымызда ауқымды міндеттер бар. Оны жүзеге асыру үшін халықпен бірлесе отырып, мәслихат депутаттарымен өзара тиімді жұмыс жүргізуге қашанда дайынбыз. Өздеріңіз көріп отырсыздар, облыста жасалып жатқан жұмыс өте ауқымды. Президенттің, Үкіметтің көрсетіп жатқан қолдауын дұрыс, тиімді пайдаланып, бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуына күш саламыз. Сіздерге бүгінгі сессиядағы жемісті жұмыс үшін алғыс айтамын», - деді облыс әкімі.

С. КӘРІПБАЕВ



БАРМАСАҢ, КЕЛМЕСЕҢ...

АБАЙ МЕН АЛТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰДАЛЫҚ

**ОБЛЫС ӘКІМІ БЕРІК УӘЛИ БҰЛ РӘСІМДІ
ҚАЗАҚЫ ДӘСТҮРГЕ ҚҰРМЕТ ДЕП БАҒАЛАДЫ**

Барнауыл қаласында салт-дәстүрімізді дәріптеп қайтқан семейлік үш отбасыға құрмет көрсетілді. Облыс әкімі Берік Уәли Ресейдің Барнауыл қаласына барып, салт-дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған семейлік Гринев, Неклюдов және Жаймұхамедовтар отбасын қабылдады. Жерлестеріміз Барнауыл қаласында болған құдалыққа қатысып, шапан, тақия секілді ұлттық киімдерімізді киіп, қазақы дәстүрмен шашу шашып, береке-бірліктің, достық пен туыстықтың үлгісін көрсетіп қайтқан болатын. Әлеуметтік желілерде жұртшылық тарапынан жылы лебіздер айтылып, этностар арасындағы сыйластық пен құрметтің үлгісі ретінде бағаланды. Кездесу барысында аймақ басшысы жерлестеріміздің ел бірлігін нығайтуда маңызы зор екенін атап өтті.

«Құрметті Юрий Владимирович! Сіз отбасыңыздың үлкені ретінде ұлттық дәстүрге деген шынайы құрмет пен туған жерге деген сүйіспеншілікті айқын көрсеттіңіз. Бүгінде Сіздің отбасыңыз қаламыздың өркендеуі жолында әр салада адал еңбек етіп келеді. Сіз жасаған игі іс пен өнегелі қадам көпшілікке үлгі болды. Нағыз елжанды азаматтарды тәрбиелеп өсіргеніңіз үшін өз алғысымды білдіремін. Бұл кездесуге 6 қыркүйекте өткен сіздердің отбасылық қуаныштарыңыз себеп болып отыр. Сіздер, шағын ғана отбасылық мерекелеріңізді ұлттық патриотизмнің үлгісіне айналдыра алдыңыздар», – деді облыс әкімі.

Кездесуде сөз алған күйеу жігіттің әжесі, зейнеткер Галина Неклюдова тойға арнайы дайындалмағанын, алайда қазақ елінен келгенін көрсетуді, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуді мақсат екенін айтты.

«Шынын айтсақ, алдын ала жоспар құрып, дайындалған жоқпыз. Бірақ барлығын шын жүректен, шын ниетпен жасадық. Бізді шын жүректен құттықтаған барлық жандарға алғыс айтамыз. Біздің мақсатымыз – Ресейдегі жаңа туыстарымызға қай жерден келгенімізді көрсету, туған елімізді таныстыру болатын. Сонымен қатар дәс-



түріміз бен салт-санамызды, ұлттық құндылықтарымызды паш еткіміз келді. Сол себепті бейнежазба да ерекше шықты деп ойлаймын. Әсіресе мемлекеттік Туымызға айрықша мән берді. Бізді қолдаған барлық жандарға ризашылығымызды білдіреміз», – деді Г. Неклюдова.

Кездесу барысында Барнауылға барып отанға деген сүйіспеншіліктің үздік үлгісін көрсетіп қайтқан жандарға Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов пен облыс әкімінің Алғыс хаттары тапсырылды. Бүгінде өңірімізде 50-ден астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Облыстағы 5 Достық үйі мен 46 этномәдени бірлестік ынтымақ пен береке-бірлікті нығайтуға өз үлесін қосып отыр.

**Абай облысы әкімінің
баспасөз қызметі**

МӘДЕНИЕТ

МЕРЕЙДІҢ «БЕЛГІСІЗ БАҒЫТЫ»...

Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Белгісіз бағыт» спектаклінің премьерасы болды. Қойылымды облыс әкімі Берік Уәли, зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары тамашалады. Спектакльдің авторы – белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Абай облысы филиалының директоры Мерей Қарт.



Қойылымның негізгі идеясы – ХХІ ғасырдың ең өзекті мәселелерінің бірі терроризм мен экстремизм қатеріне қоғам назарын аудару. Терроризм – тек келеген адамға ғана емес, тұтас қоғам мен мемлекетке төнетін үлкен қауіп. Қойылымда сауаты төмен,

өмірлік тәжірибесі аз, нанғыш жастардың теріс ағымға еріп кету қаупі шынайы көрсетілген. Ешбір жас өзінің болашағын қасақана қиянатқа байламайды. Алайда олардың адасуына түрткі болып, зұлым қасқаттарына пайдаланатын күштер де бар.

Сондықтан мұндай қа-

сіреттің алдын алу үшін қоғам болып жұмылып, жас ұрпаққа дұрыс бағдар беру аса маңызды. «Белгісіз бағыт» қойылымы – көрерменді ойландыруға, сақтандыруға, әсіресе жастарды теріс ағымнан қорғауға бағытталған тағылымды туынды.

Өз тілішіміз

ҚАЛА КӨРКІ

ЖАҢА САЯБАҚ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Облыс әкімі Берік Уәли қаланы аралау барысында Қарағайлы шағын ауданында салынып жатқан жаңа саябақтың құрылыс қарқыны алаңына барды. Қазіргі уақытта саябақтағы құрылыс қарқыны жүріп жатыр.



Мердігерлер нысанды осы айда толық аяқтауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ аумақты көгалдандыру аясында 1000-ға жуық қарағай мен шырша көшеттерін отырғызу көзделген. Бүгінде жартысынан астамы егілген. Аймақ басшысы саябақтағы құрылыс жұмыстарын көріп, аралап шыққан соң ағаш көшеттерін отырғызу шарасына қатысты.

«Қарағайлы ықшам ауданындағы саябақ құрылысы екі ай бұрын басталды. Қазір жұмыс қарқыны жаман емес, мердігерлер екі аптада аяқтаймыз деп отыр. Бұл жер Қарағайлы ықшам ауданы тұрғындары үшін әлдеи демалыс орнына айналмақ. Сондай-ақ сапалы тұрғындар мен ауқымды жәрмеңкелер өткізуге де ыңғайлы болады. Мұнда сахна орнатылады, ағаштар егіледі, аумағы да өте кең. Ең бастысы – құрылысты асықпай, сапалы аяқтап, халыққа қолайлы жағдай жасау қажет», – деді облыс әкімі.

52 КӨШЕДЕ ЖОЛ ЖӨНДЕЛУДЕ

Облыс әкімі Берік Уәли қала орталығында орналасқан Гагарин көшесіндегі (оң жағалаудағы айналма жолдан «Спартак» стадионына дейінгі учаске) жол жөндеу жұмыстарының барысымен де танысты. Қазіргі уақтта жоба аясында ескі асфальт жамылғысы алынып, екі қабатты жаңа асфальт төселуде.

Жалпы, биыл облыс орталығында 52 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Оның ішінде 16 көшеде ескі асфальт толығымен жаңартылып, 36 көшеге алғаш рет асфальт төселіп жатыр. Қазіргі уақытта 25 көшедегі жұмыстар толық аяқталды. Қалған көшелердегі жөндеу жұмыстары қазан айының ортасына дейін тамамдалмақ. Аймақ басшысы мердігерлерге жұмысты мерзімінде әрі сапалы аяқтауды, Ұлттық сапа орталығы мамандарына жол

сапасын тұрақты қадағалауды тапсырды.

«Қаладағы жөнделген көшелерге халық ризашылығын білдіріп жатыр. Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек», – деді облыс әкімі.

30 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли қаланы аралау барысында абаттандырылып жатқан аулаларда болды. Аймақ басшысы облыс орталығындағы Первомайский және Достоевский көшелерінің аулаларында атқарылып жатқан жұмыстарды көрді. Жоба аясында жасанды жабындысы бар футбол алаңы, балалар ойын алаңы, демалыс аймақтары мен жау жүргіншілерге арналған жолдар, шағын сәулет нысандары салынған.

Бұл екі аула да «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында абаттандырылған 9 ауланың қатарына енген.

«Аулалардың абаттандырылуы әсіресе балаларға жақсы болды. Осы ауланың ғана емес, маңайдағы жер үйлерде тұратын бүлдіршіндер де келіп, ойнап, маз-мейрам болып жатады. Бұл үйде 80-інші жылдардан бері тұрамын. Ауламыздың бұрынғы кейіпкем қазіргі жағдайы жер мен көктей. Барша тұрғындар атынан облыс басшысына сексіз алғыс айтамыз», – дейді қала тұрғыны Дөмежан Ғұбайдоллина.

Облыс әкімі қаланы абаттандыру бағытындағы жұмыстардың келесі жылы да жалғасатынын атап өтті.

«Құтты болсын! Игілікке пайдаланыңыздар, күтіп ұстаныңдар. Келесі жылы қаладағы бірнеше ауланы жасауды жоспарлап отырмыз», – деді аймақ басшысы.

Ерекше атап өтерлігі, биыл облыс орталығында 35 аула абаттандыру жоспарланған. Қазіргі уақытта соның 30-ында жұмыс аяқталды.

«СТ» - ақпарат

ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ

Абай облысында экономиканы әртараптандыру, өндірістік инфрақұрылымды дамыту, кәсіпкерлікке қолайлы орта қалыптастыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге аспақ. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық Индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбеков мәлімдеді.

КӘСІПКЕРЛІККЕ ЖОЛ АШЫҚ

**Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semey tany»**

Жиын барысында басқарма басшысы аймақ экономикасының бүгінгі ахуалы мен даму бағыты туралы кеңінен ақпарат беріп, инвестициялық өсім, азық-түлік бағасын тұрақтандыру және шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыру жайына егжей-тегжейлі тоқталды.

Басқарма басшысының айтуынша, бүгінде облысымызда 55,8 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Олардың саны жыл сайын артып келеді. Өңір экономикасының негізгі тірегіне айналған бұл секторда 106 мыңнан астам адам еңбек етіп жүр.

Шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың негізгі тірегі. Кәсіпкерлер үшін ең бастысы – қолжетімді қаржы мен нақты қолдау. Бүгінде біз жеңілдетілген несие беру, гранттар ұсыну, бизнес бастауға арналған оқыту курстарын ұйымдастыру бағытында жұмыс жүргізудеміз. Жас кәсіпкерлерге де ерекше назар аударылып отыр. Қазірдің өзінде 5 миллион теңгеге дейінгі көлемде гранттар беріледі. Сондай-ақ жастар үшін «Қамқор» бағдарламасы іске қосылған. Бұл жоба 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерге арналған, – деді басқарма басшысы.

Аталған бағдарлама шеңберінде жастар өз кәсібін ашып, жеңілдетілген шарттармен несие ала алады. Бұл шара өңірде өзін-өзі жұмыспен қамту көрсеткішін арттырып, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған.

Кәсіпкерлікке серпін беруде тек қаржылай қолдау ғана емес, индустриялық инфрақұрылымды дамыту да маңызды рөл атқарады. Осы ретте Семей қаласындағы «Өндіріс» өндірістік аймағының аумағын ұлғайту жобасы қолға алынған.

Қазіргі таңда бұл аймақтың көлемін 186 гектарға дейін кеңейту бойынша жобаны дайындап жатырмыз. Инженерлік инфрақұрылым тартылған соң, мұнда кәсіпкерлерге арналған индустриялық парк құрылады. Онда бизнес иелері өндірістік ғимараттарды жалға алып, өз жабдықтарын орнатаып, өнім шығара алады, – деді Айбек Рахымбеков.

Бұл, жаңа жұмыс орындарын құрумен қатар, өндіріс көлемін арттырып, өңір экономикасына қосымша серпін береді.

Сонымен қатар халыққа сапалы қызмет көрсету, кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау мақсатында Семей қала-



сындағы үш ірі базар жаңартылып, қазіргі заман талаптарына сай форматқа көшірілмек. Сондай-ақ 2025-2026 жылдар аралығында жалпы құны 2,5 млрд теңге болатын «А» сыныпты әмбебап қойма салу көзделген.

Келер жылдан бастап базарларды кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары басталады. Үш нысан – «Мереке», «Смоки» және «Ақшын» базарлары – жаңа форматта жұмыс істеуге көшеді. Сонымен қатар шетелдік инвестор Семейде жаңа сауда алаңын салуға кірісті. Қазіргі таңда жер телімі белгіленіп, құрылысқа дайындық жүргізілуде, – деді Айбек Рахымбеков.

Бұл жоба жүзеге асқанда, қала тұрғындары заманауи сауда инфрақұрылымына қол жеткізіп, кәсіпкерлерге де қолайлы жағдай жасалады.

Баспасөз мәслихаты барысында Айбек Рахымбеков инвестиция тарту мәселесіне де арнайы тоқталды. Оның айтуынша, соңғы уақытта отандық және шетелдік компаниялардың біздің өңірге деген қызығушылығы артқан. Биылғы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша, өңірде тартылған инвестиция көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай өскен. Бүгінде өңірде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қайта өңдеу, логистика салаларына инвестиция тартуға бағытталған бірнеше ірі жоба іске асырылуда. Инвестициялық жобаларға жүйелі түр-

де қолдау көрсету үшін облыста арнайы «Abay Invest» атты компания құрылуда. Компания арқылы инвесторлар құжат рәсімдеуден бастап жобаны іске асыруға дейінгі барлық кезеңде әдістемелік және құқықтық көмек алады.

Облыс әкімі бүгінде 80-нен астам инвестормен кездесу өткізіп, бірқатар жобалар бойынша келіссөздер жүргізді. «Abay Invest» компаниясы кәсіпкерлерге барлық кезеңдерде жан-жақты қолдау көрсететін болады, – деді А.Рахымбеков.

Күнделікті тұрмысқа қажетті өнімдердің бағасын тұрақты ұстап тұру – жергілікті атқарушы билік үшін маңызды міндеттердің бірі. Осыған орай, басқарма әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында нақты шаралар қабылдауда. Бұл мақсатта «Семей» ӘКҚ» АҚ өңірлік тұрақтандыру қоры жалпы сомасы 1,3 млрд теңгеге шарттар жасасқан.

Абай облысында қолға алынған бұл бастамалар экономикалық өсімді қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру артыры, жастарды кәсіпке баулу, ауыл мен қала арасындағы теңгерімді дамыту секілді маңызды міндеттерді де қамтиды.

«МАҒЫНАЛЫ ҒҰМЫР»

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай, Семей қаласындағы №5 көпбейінді гимназияда ардагер ұстаздарға арналған «Мағыналы ғұмыр» атты мерекелік кеш өтті. Оған Абай облысы мен Семей қаласы ардагерлер кеңесі, зиялы қауым өкілдері, білім саласының басшылары, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдарының төрағалары мен ардагер ұстаздар қатысты.



Салтанатты жиында сөз алған қоңақтар қарттарға құрмет көрсету жас ұрпақтың парызы екенін атап өтіп, ізгі ниеттерін білдірді.

Кештің соңында көрермендерді ерекше әсерге бөлеген «Түлктер валсы» орындалып, жас буын мен ардагерлер жұбы сахна төрінде би биледі. Бұл көрініс ұрпақтар сабақтастығы мен өзара сыйластықтың символына айналды.

1 Қазан - Халықаралық қарттар мерекесіне орай, біздің гимназияда маңызы ерекше мереке өтуде. Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен, ардагер ұстаздар кеңесінің, қалалық кәсіподақ ұйымының қолдауымен өтіп жатқан бұл кеш тек мерекелік шара ғана

емес, ұрпақтар арасындағы байланысты бекемдейтін, ұстаз еңбегінің өлшеусіз екенін ыңыңдатыратын рухани сабақ десек те болады. «Бір айтқаны біреуе мұра болар, қайран біздің қариялар - ғұламалар» демекші, ардагер ұстаздар мен қазыналы қарттарымызды мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Ардагерлерімізге зор денсаулық, отбасыларына амандық тілеймін, - дейді Семей қаласындағы Шөкәрім атындағы №5 көпбейінді гимназия директоры Нұргүл Құлжағазықызы.

Қарттарға құрмет көрсету – қоғамның мерейлі міндеті. «Мағыналы ғұмыр» атты бұл тағылымды кеш осының айқын көрінісі болды.



ОСЫДАН БІРЕР АПТА БҰРЫН ОБЛЫС ӘКІМІ БЕРІК УӘЛИ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АҚСУАТ АУДАНЫНДА ДА БОЛЫП ҚАЙТҚАНЫ БЕЛГІЛІ. ӨҢІР БАСШЫСЫ КЕЗЕКТІ ЖҰМЫС САПАРЫНДА ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛДАРҒА ДА БАРЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСҚАНЫ ТУРАЛЫ «SEMEY TANY» ГАЗЕТІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ДА ЕДІ.

Ерсін ЕСКЕНДІРОВ:

«АҚСУАТ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДА»

- Ерсін Кәдірбекұлы, ең алдымен, Ақсуат ауданының бүгінгі тыныс-тіршілігі жайлы әңгімелеп берсеңіз.

- Ең алдымен, айтайық, Ақсуат – қазақы ізгі дәстүрді, ел ынтымағын қастерлейтін өңір. Өрине, байтақ даламыздың қай жері болсын өзіндік тарихымен, қасиетімен ерекшеленеді. Сол сияқты облыс орталығынан түкпірде орналасқандай көрінгенімен, аудан қазір қай жағынан болсын өркендеу жолында деп нық сеніммен айта аламын. Қазір, облыс әкімі Берік Уәлидің тапсырмасына сәйкес, өнеркәсіптен бастап ауыл шаруашылығына дейін әр саланың жұмысын ширату үстіндеміз. Өңірдің даму әлеуеті айқындала түскенін атап айтқан абзал болар. Өнеркәсіп пен инвестиция тұрақты даму негізі дейтін болсақ, ауданның өнеркәсіп өнімдерінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 110,4 пайыздық өсімді көрсетіп отыр. Бұл - жергілікті өндіріс орындарының белсенділігі артып келе жатқанының айқын дәлелі. Негізгі капиталға салынған инвестициялар да рекордтық деңгейге жетіп, 17 млрд 218,1 млн теңге көлеміндегі инвестицияның 6 млрд-тан астамы жеке қаражат есебінен құйылды. Жалпы өсім бүгінгі күні былтырғы жылмен салыстырғанда 2,3 есеге артық деуге болады. Бұл халықтың туған жердің болашағына сеніммен қарап, нақты қадам жасап отырғанының дәлелі деп ойлаймын.

- Құрылыс саласы аудан ажарын қалай түрлендіріп жатыр?

- Құрылыс – тіршіліктің тынысы. Ауданымыздағы құрылыс жұмыстарының көрсеткіші былтырғыдан 6 есеге артып отыр. Оның ішінде тұрғын үй құрылысы бойынша жоспар толық жүзеге асырылып, 5636 шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған және көп балалы отбасыларға арнап салынған 48 екі пәтерлі үйдің құрылысы да жалғасып жатыр. Атап айтқанда Ақсуат ауылында 9 және Ойшілік ауылында 5 үй бүгінгі күні пайдалануға беріліп отыр.

- Кәсіпкерлікте нақты қандай өзгерістер бар?

- Сауда мен кәсіпкерліктегі серпінге келер болсақ, аудандағы бөлшек сауда айналымы өткен жылмен салыстырғанда 113 пайыздық өсім көрсетті. Бүгінде ауданда 1997 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны жұмыс істесе, оның ішінде 108-і – заңды тұлға, 713-і – дара кәсіпкер, 1176-сы – шаруа қожалығы. Бұл көрсеткіш аудан экономикасының кәсіпкерлікке негізделіп дамып келе жатқанын дәлелдейді.

Бюджет пен ауыл шаруашылығы жайлы айтар болсақ, жергілікті бюджетке сегіз айда 2 млрд 325,4 млн теңге салық түсіп, жоспар 101 пайызға орындалды, яғни ауыл шаруашылығында да оң динамика байқалауда. Өндірілген өнім көлемі 20 млрд 433 млн теңгені құрап, өсім 134,2 пайызға жетті. Мал басының да саны артып отыр. Оның ішінде ірі қара малдың саны 143,1 мың болса, қой-ешкі 259,4 мың, ал жылқы саны 31,8 мың басты құрайды. Ауданда асыл тұқымды шаруашылықтардың саны артқан. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті ұлғайту көзделіп отыр. Өткен жылмен салыстырғанда мемлекет тарапынан субсидия қарастырылып, бұл 116 пайызға артқан. Егін шаруашылығында да жаңа серпін бар. Биылғы жылы 8352 гектар суармалы жер игерілуде. Оның ішінде, дәнді және майлы дақылдардан бөлек, көкөніс, картоп, бақша дақылдары мен жоңышқа сияқты көпжылдық шөптер бар.

- Инвестициялық жобалар өңірдің болашағы екені белгілі. Бұған облыс әкімі де баса назар аударып отыр. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

- Ауыл шаруашылығы саласында жалпы құны 4,6 млрд теңге болатын 5 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда 5 мың бас асыл тұқымды қой өсіру жобасы – жеке кәсіпкер Оңдасын Саябектің бастамасымен қолға алынып, қазірдің өзінде 3500 қой сатып алынған. Ал 5 000 басқа арналған мал бордақылау алаңы – «Мәуліт» шаруа қожалығының жобасы бойынша жүзеге асырылып, құны 2 млрд теңгеден асатын құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. «Күнгеі-Бахта» кооперативінің жобасымен құны 412,5 млн теңге болатын заманауи жабық су айналымы жүйесімен балық өсіру жұмыстары қолға алынып, іске қосылғанда 12 адамды жұмыспен қамтиды деп күтілуде. Сонымен қатар этномәдени туризмді дамыту барысында «Дора 2020» АӨК-тің жобасы қолға алынып, 2026–2027 жылдары пайдалануға берілімек. 1000 гектар тамшылатып суару жүйесін енгізуге қатысты «Алтын-Алтай» шаруа қожалығы жүзеге асырып жатқан жоба бойынша қазірдің өзінде 500 гектар жерге жаңа технология енгізілді. Ал Қарғыба өзеніндегі «Қарғыба» су тоспасы мен Жаңа-Тоғам магистральды каналына күрделі жөндеу жұмыстары басталды. «И.В.А» ЖШС мердігер ретінде танылып, тамыз айынан бері құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде. Бұл - ауыл шаруашылығының суға тәуелді салалары үшін аса маңызды жаңалық. Инвестициялық жобалардың жүзеге асуы, ауыл шаруашылығындағы серпін, кәсіпкерлік белсенділіктің артуы өңірдің тұрақты даму жолына түскенін көрсетеді.

- Ақсуат өңіріндегі маңызды сала - су арналарын жаңғырту. Осы тұрғыда жергілікті су ресурстарын пайдалану, ел игілігіне жарату жайына тоқталсаңыз...

- Су ресурстарын тиімді пайдалану – тұрақты дамуыңз кепілі. Сусыз тіршілік жоқ. Сондықтан бұл бағыт біз үшін өте маңызды. Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының маңызды тіректерінің бірі. Өсіресе су ресурстарының молдығы мен оларды тиімді пайдалану деңгейі ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей ықпал етеді. Осы бағытта ауданда ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Алдымен атап өтерлік жаңалық – Қарғыба өзенінен сыйымдылығы 16 миллион текше метр болатын су қоймасын салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалды. Бұл – тек су тапшылығын шешіп қана қоймай, болашақта егін шаруашылығын кеңейтуге, ауыл шаруашылығын әртараптандыруға жол ашатын үлкен бастама. Су қоймасының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Осы мақсатта «ПИ



Семипалатинскгражданпроект» мекемесімен 53,8 млн теңгеге келісімшарт жасалып, топосъемка, геологиялық зерттеулер мен эскиздік жобалар дайындалған. Қазіргі таңда толық жобалық құжаттар әзірлену үстінде. Сумен қамтамасыз ету ісінде ішкі шаруашылық каналдарының рөлі зор. Аудан әкімдігінің коммуналдық меншігінде бүгінде 16 су арнасы бар. Оның ішінде «Ойшілік» каналы «ҚазСұшар» РМК Абай облысы филиалының теңгеріміне беріліп, «Дәулетбай» арнасын беру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар «Көкбұқа», «Қожақелді», «Қызылқия» каналдарының құжаттары дайын. 2025 жылы жергілікті бюджет есебінен «Ақбарша», «Байел», «Кегенбай», «Тұяқ», «Көктоғам» секілді бес каналдың құқықтық құжаттары рәсімделмек. Бұл жұмыстар су ресурстарын тиімді әрі заңды тұрғыдан пайдалануға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ адам өмірінің басты тірегі таза ауыз су десек, осы орайда Ақсуат ауданында елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Бүгінде ауданға қарасты 27 елді мекеннің 14-і орталықтандырылған су құбыры желісімен қамтамасыз етілген. Ал қалған 13 елді мекенде баламалы жүйелер орнатылған: 3 ауылда ұңғыма үстіндегі павильон, 8 ауылда блок-модуль станциясы жұмыс істеп тұр. Жалпы алғанда, аудан тұрғындарының 92,6 пайызы таза ауыз сумен қамтылған. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен бөлінген қаржыға Көкжыра, Кіндікті, Қарғыба және Ақсуат ауылдарындағы су құбыры желілерін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар алдағы уақытта тағы бірнеше елді мекеннің ауыз су жүйесін жаңарту жоспарда бар. Атап айтқанда, Қызылжұлдыз, Қожақелді және Сұлутал ауылдарының су құбыры желілерінің құрылысына республикалық бюджеттен қаржы қарастыру үшін өтінім жолданды. Бұл жұмыстар толық аяқталған соң, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамту деңгейі бұрынғыдан да артып, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға айтарлықтай ықпал етпек.

- Ауданның дамуына тағы бір серпін беретін бағыт пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару екені белгілі...

- 2025 жылғы жоспарға сәйкес, бүгінгі күнге дейін 37 030 гектар жер мемлекетке қайтарылып, бұл көрсеткіш жоспардың 160 пайызын құрады. Жыл соңына дейін бұл көлемді 50 мың гектарға дейін жеткізу көзделіп отыр. Мұндай қадам ауыл шаруашылығына жаңа тыныс беріп, жерді тиімді игеруге ықпал етеді.

- Бағаны тұрақтандыру бағытында қандай жұмыстар бар?

- Бағаны тұрақты ұстап тұру мақсатында жыл басынан бері 5 рет ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілген. Бұдан бөлек, Семей қаласында өткен 3 жәрмеңкеде жергілікті шаруалар ауылшаруашылық өнімдерін саудалады. Бұл, бір жағынан, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге қолдау болса, екінші жағынан, тұрғындарға қолжетімді бағда сапалы тауар сатып алуға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, атқарылып жатқан шаралар ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, тұрғындардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесі екені анық. Су қоймасы құрылысының қолға алынуы, каналдарды заңдастыру, жерлерді мемлекетке қайтару және баға тұрақтылығын сақтау – барлығы елді мекендердің болашағы үшін жасалып жатқан маңызды қадамдардың бірі дер едім.

- Аудандағы әлеуметтік салаларға тоқталсақ, Білім беру жүйесі мен денсаулық сақтау салаларында не жаңалық?

- Өскеген ұрпақтың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін жасалатын әрбір іс болашаққа салынған инвестиция дер едім. Оқушылардың жайлы ортада оқып, сапалы білім алуы үшін барлық жағдай жасалады. Ауданда білім беру нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Быыл М.Әуезов, Тана мырза және Өкпелі орта мектептері заманауи үлгідегі жаңа модификациялық кабинеттермен жабдықталды. Сонымен қатар облыстық бюджет есебінен қаржы бөлініп, Ю. Гагарин, Қ. Сәтбаев, Би Боранбай, С. Сейфуллин және Қожақелді батыр атындағы орта мектептерде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аудандағы мектептермен қатар, мектепке дейінгі білім беру мекемелері де назардан тыс қалған жоқ.

Мәселен, Қызылқия ауылындағы «Еркеназ» балабақшасына аудан бюджетінен қаржы бөлініп, бүгінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жылу жүйелерін жаңартуға келсек, Тана мырза, Көктүбек мектептерінің электр жылытқыштары және Тоғас батыр мектебінің қазандығы жаңартылды. Білім беру нысандары 2025–2026 жылдардағы жылу беру маусымына толықтай дайын. Айта кетерлігі, оффтейк-келісімшарт негізінде Көкжыра ауылдық округінде балалар лагері, сондай-ақ Ақсуат пен Екпін ауылдарында жаңа мектептердің құрылысы басталды. Бұл – алдағы жылдары аудан балалары үшін білім мен демалыстың қолжетімді әрі жайлы болуына мүмкіндік беретін ауқымды жобалар.

Ал аудандағы тұрғындардың денсаулығын қорғау мен медициналық қызмет сапасын арттыру бағытында да бірқатар жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Аудандық ауруханада күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Облыстық бюджеттен бөлінген қаржы есебінен ғимараттың шатыры толықтай жаңартылып, қасбеті қапталуда. Бұл өзгерістер емдеу мекемесінің сыртқы бейнесін жақсартып қана қоймай, оның ұзақ мерзімді пайдалануына да оң әсерін тигізбек. Сонымен қатар аурухананың жылу жүйесі де жаңартылды. Нақты айтсақ, аудандық ауруханаға 16 млн теңгеге екі жаңа қазандық орнатылды. Бұл – алдағы қысқы маусымда медициналық мекеменің үздіксіз әрі сапалы қызмет көрсетуіне мүмкіндік береді. Тек аудан орталығы ғана емес, ауылдық жерлер де назардан тыс қалған жоқ. Құмкөл, Ойшілік және Сәтбаев ауылдарындағы дәрігерлік амбулаториялардың жылу қазандықтары ауыстырылып, тұрғындарға қолайлы жағдай қалыптастыруға көңіл бөлінген. Заманауи инфрақұрылым мен жайлы жағдай дәрігерлердің кәсіби жұмысын жеңілдетіп, ең бастысы, тұрғындардың сапалы медициналық қызмет алуына жол ашады.

- Мәдениет пен спорт саласының даму қарқыны қалай?

- Мәдениет пен спорт – ел руханиятының тірегі. Бұл бағытта ауданымызда жүйелі жұмыстар аса емес. Елді мекендердің әлеуметтік әлеуетін арттыру, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізу мен спорттық инфрақұрылымды жетілдіру менін басты назарымда. Осы мақсатта оффтейк-келісімшарт негізінде бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтар болсам, бүгінгі күні Көкжыра ауылында жаңа мәдениет үйінің құрылысы, ал Екпін және Ойшілік ауылдарында спорт модульдерінің құрылысы басталды. Бұл нысандар ауыл тұрғындары үшін рухани және спорттық өмірдің орталығына айналады деп сенемін. Сонымен қатар мәдени ошақтардың үздіксіз қызметін қамтамасыз етіп, тұрғындардың жайлылығына жағдай жасау мақсатында жергілікті бюджет есебінен қаржы бөлініп, бірқатар әлеуметтік нысандардың жылу жүйесі де жаңартылды. Кіндікті мен Құмкөл ауылдарындағы клуб үйлерінің, сондай-ақ Ырғызбай Досқанұлы атындағы кесене-

нің жылу қазандықтары ауыстырылды. Мәдениет пен спорт саласына жасалған бұл қамқорлық – ел руханиятының дамуына, жастардың салауатты өмір салтын ұстануына және тарихи-мәдени мұраны сақтауға қосылған зор үлес.

- Жол қатынасы бүгінде халық үшін ең өзекті мәселеге айналып отырғаны рас. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

- Көлік және жол саласы – елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі тіректерінің бірі. Жол сапасының жақсаруы тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттырып қана қоймай, өңірдің инвестициялық тартымдылығына, экономикалық айналымына да тікелей әсер етеді. Бұл бағытта Ақсуат ауданында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Аудан аумағынан өтетін автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 697 шақырымды құрайды. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 178 шақырым, облыстық маңызы бар жолдар – 58 шақырым, ал аудандық маңызы бар жолдар – 461 шақырым. Яғни, жалпы жолдардың 66 пайызы аудандық маңызға ие. 2025 жылы облыстық бюджет есебінен аудандық маңызы бар жолдарды және елді мекендердің көшелерін орташа жөндеуге 754,4 млн теңге қаражат бөлінді. Бұл қаражат ең алдымен аудан тұрғындары үшін аса өзекті бағыттарға жұмсалуда. Атап айтқанда, Ойшілік ауылына кіреберіс 2,4–9,6 шақырым аралығындағы жолды жөндеуге 580 млн теңге бөлініп, былдың өзінде 7,2 шақырымға асфальт төселуде. Бұған қосымша тағы 9,6–20,2 шақырымдық жол учаскесіне (10,6 шақырым) 200 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталды. Қазір келісімшарт жасасу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ аудан бюджеті есебінен Ақсуат ауылының Қабанбай көшесі бойындағы жолды кеңейту жұмыстары қолға алынууда. 1,6 шақырымдық жол 2 жолақтан 4 жолаққа ұлғайып, жаңа асфальт жамылғысы төселмек. Сонымен қатар бірқатар ауылдарға баратын жолдарға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Үштөбе ауылына кіреберіс 0–15 шақырым жолына, сондай-ақ Тана мырза – Есім бағытындағы 12 шақырым жол учаскесіне қырып-тегістеу жұмыстары жасалды. Жергілікті жолдарды күтіп ұстауға жауапты «Ақсуат» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің материалдық-техникалық базасы да нығайтылуда. Быыл аудан бюджеті есебінен арнайы техникалар сатып алынды. Жол инфрақұрылымындағы ең маңызды жобалардың бірі – Тебіске өзеніндегі көпірді қайта жаңғырту. Бұл мақсатқа 174 млн теңге қарастырылып, қазір арнаны тазалау және көпірдің тағанын құю жұмыстары атқарылып жатыр. Бұдан бөлек, Есім, Сұлутал, Шыбынды, Қарғыба ауылдарының ішкі көшелерінде, сондай-ақ 60 жылдық елді мекеніне кіреберіс жолда тегістеу және құм-топырақ төсеу жұмыстары атқарылды. Мүрсәлім ауылына баратын жолдағы Мұздысай учаскесінде 8 шақырымдық жолға да жөндеу жұмыстары жүргізілді.

- Ақсуат – тарихи терең, болашағы жарқын өңір. Жергілікті халықтың әлауқатын арттырып, туған жерді өркендету жолында атқарып жатқан жүйелі жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз.



Сұхбаттасқан

Гүлім
ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tany»



АБАЙ

«АБАЙ ЖОЛЫ – ХАЛЫҚ ЖОЛЫ»

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туған күніне (28 қыркүйек) орай абайтанушы, жазушы Кәмен Оразалиннің музей-үйінде «Абай жолы – халық жолы» атты мазмұнды дөңгелек үстел өтті. Рухани іс-шараға мектеп оқушылары мен ұстаздары, елге еңбек сіңірген аудан ардагерлері қатысты.



Шараға Абайдың немере туысы, бала кезінде Мұхтар Әуезовтің қолында тұрып, оқу оқыған, тәлім-тәрбиесін көрген ауданның Құрметті азаматы, тоқсан жасқа таяған ел ардагері Манатай Балтақайұлы құрметті қоңақ ретінде шақырылды. Сондай-ақ жиынға ҚР Құрметті депутаты, «Әлеуметтік-еңбек

саласының үздігі», Абай ауданының Құрметті азаматы, жазушы Кәмен Оразалиннің рухани шәкірті Төлеубек Аманғазыұлы да арнайы шақырылып, ой бөлісті.

Іс-шара барысында Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия, Қарауыл гимназиясы және жалпы орта білім бе-

ретін мектептердің 6-8-сынып оқушылары мен жетекшілері белсенді қатысып, қоңақтардың тағылымды ой-пікірлері мен әсерлі естеліктерін тыңдады. Манатай Балтақайұлының Мұхтар Әуезов туралы естеліктері өскелең ұрпаққа мол рухани азық болды. Қазыналы қарттың өмірлік тәжірибесі мен

естеліктері жас ұрпаққа ерекше әсер қалдырды.

Бүгін ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің құрметіне тағылымды іс-шара ұйымдастырылып отыр. Осындай мазмұнды кездесулердің жас ұрпақ үшін берері мол, – деп музей ұжымына ризашылығын білдірді Төлеубек Аманғазыұлы.

Дөңгелек үстел соңында қатысушылар еркін пікір алмасып, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға түшымды жауаптар берілді. Сонымен қатар шара аясында «Абай жолы – халық жолы» атты кітап көрмесі де ұйымдастырылып, келушілер назарына ұсынылды.

Тағылымды шараны қорытындылаған музей меңгерушісі Е.Оразалы құрметті қоңақтарға музей әкімшілігі атынан алғыс хаттар табыстап, Манатай Балтақайұлы мен Төлеубек Аманғазыұлына қазақтың дәстүрмен сый-сияпат жасады. Оқушыларды дайындап әкелген сынып жетекшілері М.Исаин, Ү.Ниязова, Н.Мырзаханова да алғыс хатпен марапатталды.

Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ

АҚСУАТ



ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛМІЗ

Қазақ халқы қашанда үлкенге құрмет көрсетіп, қариясын қазынаға балаған. «Қарты бар үй – қазыналы үй» деген аталы сөздің астарында терең тағылым, үлкен мағына жатыр. Өмірдің талай белесін артқа тастап, саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған ардагерлеріміз – бүгінгі қоғамның тірегі, болашаққа бағыт берер шамшырағы.

Қарттар – елдің шежіресі, өткен тарихтың көзі тірі куәгері. Өрбір қарияның сана-санада халқымыздың өткені мен бүгініне қатысты қаншама құнды дерек, тәлім мен тағылым бар десеңізші! Өмір көрген, ел игілігі үшін ерінбей еңбек еткен аға ұрпақтың жүріп өткен жолы ерлікке толы. Олардың еңбекпен өрілген өмір жолы, көрген қиындықтары мен жеткен жеңістері – кейінгі ұрпақ үшін өлшеусіз өнеге. Бүгінгі бақытты заманға жеткізген қарияларымызды қадірлеу – перзенттік парызымыз.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында әділетті, дамыған қоғам құру жолында қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің жұмысын жандандыруды тапсырғаны мәлім. Сондай қоғамдық ұйымдардың бірі – аудандық ардагерлер кеңесі. Міне, сондықтан да Ақсуат аудандық ардагерлер кеңесі мүшелері қоғамдық өмірге белсене араласып, аудандағы әлеуметтік ахуалды сараптап, проблемалық мәселелердің тиісті шешім табуына, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, салауатты өмір салтын насихаттауға, жастарға патриоттық және адамгершілік тәрбие беру мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға күш жұмсап келеді.

1 қазан – Халықаралық қарттар күнін ауданымыздың ардагерлері де көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алмақ. Бүгінгі таңда ауадымызда 2749 зейнеткер тұрады. Олардың ара-

сында 21 тул ардагері бар. Ардагерлеріміз аудандық, облыстық деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Биылғы жылдың өзінде 16 зейнеткеріміз «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Бұл – аға буынға көрсетілген құрметтің нақты көрінісі.

Ардагерлер кеңесі тарапынан ардагерлерді қолдауға, олардың өмірлік тәжірибесін жас буынға жеткізуге бағытталған түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Мұның барлығы – ұрпақтар арасындағы сабақтас-тықтың, рухани байланыстың берік екенін білдіреді.

Ардагерлер – еліміздің алтын қоры. Тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы кейінгі ұрпақ үшін аса құнды. Сондықтан халқымыз ертеден-ақ үлкенге құрмет көрсетуді өсиет етіп, ұрпақтар арасындағы сабақтас-тыққа, үлкендер өнегесін қастерлеуге ерекше мән берген. Халқымыздың «Ата қайратты болса, бала ғибратты болады» деуі де сондықтан. Қарапайым еңбегімен, мейірімділігімен, ұстанған адал жолымен жастарға үлгі болып жүрген қарттарымыз қандай құрметке де лайық.

Осы бір айтулы күні ардақты қарияларымызды шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақ-береке, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Өміртай СЕКЕНОВ,
Ақсуат аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

БЕСҚАРАҒАЙ

БАҒДАРЛАМА СӨТТІ ОРЫНДАЛУДА

Ауылдық аумақтардың дамуы – елдің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының маңызды көрсеткіші. Соның ішінде жолдардың сапасы тұрғындардың күнделікті өміріне, көлік қатынасына, тіпті экономикалық белсенділікке де тікелей әсер етеді.

Гүлнә ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tauy»



Бұл ретте Бесқарағай ауданында жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бұл туралы аудан әкімі Нұрбек Қошқарбаев Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Биыл «Ауыл – Ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылшілдік жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жалпы ұзындығы 8,4 шақырымды құрайтын жолдар жаңартылған.

Атап айтқанда, жөндеу жұмыстары Белокаменка ауылындағы Ертіс көшесінде, Глуховка ауылындағы Абай көшесінде, Степнянка ауылындағы Жастар көше-

сінде, сондай-ақ Қарағайлы ауылындағы Б.Момышұлы, Гагарин, Тәуелсіздік және Н.Баймұратов көшелерінде жүргізілді. Бұдан бөлек, 569,1 млн теңге бөлініп, облыстық маңызы бар 18 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілген. Жөндеу жұмыстарына әлеуметтік әріптестер мен де-меушілер де қолдау көрсетуде. Атап айтқанда, Бесқарағай ауылында Сейфуллин, Елистратов, Корнев, Жабаев, Рысқұлбеков және Қалтаев көшелерінің жол жабыны қалпына келтірілді.

Сонымен қатар Қарағайлы – Бозтал жолының бөліктеріне 750 тонна, Канонерка – Қарамырза жо-

лына 550 тонна қиыршық тас төселді. Жөндеу жұмыстарына қажетті 2000 тонна қиыршық тасты «ГРК Электрум» ЖШС басшысы Кенжебек Құрманғалиев тегін ұсынды. Ал тасымал шығынын облыстық мәслихат депутаттары Мұхтар Қасқабаяев пен Азамат Аубакиров өз мойнына алды. Грейдерлеу және тас төсеу жұмыстарын аудандық мәслихат депутаты Владимир Благих атқарды. Сонымен қатар қиыршық тасты Бесқарағай ауылына жеткізу үшін арнайы техника белген облыстық мәслихат депутаты Ерлан Ғадилетұлына да зор алғыс білдіреміз, – деді аудан басшысы.

АЯГӨЗ

МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Абай облысы білім басқармасының басшысы Бауыржан Ердембеков Аягөз қаласындағы бірқатар білім беру нысанын аралап, олардың жағдайымен танысты. Алдымен №7 жалпы орта мектеп пен К.Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясындағы күрделі жөндеу жұмыстарын тексерді.



Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tauy»

Жөндеудің негізгі бөлігі аяқталған,

қалған жұмыстарды 1 қазанға дейін бітіру тапсырылды. Оқу процесі үздіксіз жалғасып жатыр, жөндеу жұмыстары бала-

лардың білім алуына кедергі келтірмейді. Басқарма басшысы сондай-ақ қалалық қазақ мектеп-лицейінің оқу кабинеттерін аралап, материалдық-техникалық жағдайына оң баға берді.

Ауданда 400-ден аса бала балабақша кезегінде тұр. 1 қазан күні 90 орындық «Шұғыла» жекеменшік балабақшасының ашылуы жоспарланған.

Мектеп директорларымен өткен жиында білім бөлімі басшысы оқу жылының қорытындысы мен алдағы жоспарларды ұсынды. Аудан бойынша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нығайып келе жатыр. Дегенмен жаңа мектептер мен балабақшалар салу, спорт залдарын ашу, оқушыларды тасымалдауға автобус бөлу сияқты өзекті мәселелер бар екені айтылды.

Басқарма басшысы аудан мектептерінің жағдайы өзге өңірлермен салыстырғанда жақсы екенін атап өтіп, ұсыныстар қаралатынын жеткізді. Сонымен бірге қаржыны тиімді пайдалану, жылыту маусымына сапалы дайындық, академиялық адалдық пен оқушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында нақты тапсырмалар берді.

А. БЕРКБОЛОВА

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАР САЙЫСЫ

Бүгінгі білімді ұрпақ – ертеңгі ел тірегі. Мемлекетімізде дарынды оқушыларды қолдау, ғылыми әлеуетін дамыту және олардың білімін шыңдау бағытында түрлі зияткерлік сайыстар жүйелі түрде өткізіліп келеді. Солардың бірі – жыл сайын 11-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылатын Президенттік олимпиада. Бұл білім додасы жаратылыстану-математика бағытын тандаған оқушылар үшін үлкен мүмкіндік қана емес, олардың ғылым жолындағы алғашқы қадамы десек те болады.

Бұл сайыс – оқушылардан терең білім мен логикалық ойлау қабілетін талап ететін, өз білімдерін республикалық және халықаралық олимпиадаларда көрсетуіне жол ашатын беделді зияткерлік алаң. Жеңімпаздар жоғары оқу орындарында оқуға арналған білім беру гранттарын жеңіп ала алады. Президенттік олимпиада үш кезеңде – аймақтық, іріктеу және республикалық кезеңде өтеді.

Өткен аптада өсті олимпиаданың алғашқы кезеңі өтті. Аудандық іріктеуге әр мектептен жалпы 22 оқушы қатысып, математика, биология, химия және физика пәндері бойынша жарысқа түсті. Тапсырмалар үш деңгейден тұрды: 1 балдық 10 сұрақ (жылдам және нақты жауапты талап етеді), 2 балдық 5 сұрақ (бірінеше жауабы болуы мүмкін), 5 балдық күрделі есептен тұратын 1 тапсырма.

Білім сайысының қорытындысында үздік нәтиже көрсеткен оқушылар жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, 1 орынды Қалалық көпбейінді мектеп-гимназиясының оқушысы Мақпал Жұмабаева, Қалалық қазақ мектеп-лицейінің оқушысы Амина Нағиоллаева, К.Бозтаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы Гүлмира Аманғазина және №4 жалпы орта білім беретін аралас мектептің оқушысы Темірлан Қрықбаев жеңіп алды.

Ал II орынды №1 жалпы орта білім бе-

ретін мектептің оқушысы Дана Әбішева мен №5 жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Назерке Гадылова иеленді. III орынды №10 мектеп-гимназиясының оқушысы Ақнұр Қанат, №7 жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Сұлтан Тұрсын және Е.Рахмәдиев атындағы жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Асылжан Жанболатұлы, Қ.Қадыржанов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы Құндыз Тлеулесова және Ақши орта мектебі жа-

нындағы интернат оқушысы Ердаулет Тұрсынова өзара бөлісті.

Жеңімпаздардың ішінен белгіленген квота бойынша 5 үздік оқушы - Мақпал Жұмабаева, Амина Нағиоллаева, Гүлмира Аманғазина, Темірлан Қрықбаев, Дана Әбішева облыстық кезеңге жолдама алды.

Президенттік олимпиаданың келесі кезеңіне қатысатын дарынды оқушыларға сәттілік тілейміз.

Өз тілшіміз



ЖАҢА СЕРПІН

Абай облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының Олжас Бейсенбаев жұмыс сапарымен Бородулиха ауданына барды.

Сапар барысында басқарма басшысы аудандық Жастар ресурстық орталығының қызметімен танысып, жастарға көрсетіліп отырған қолдау шаралары мен іске асырылып жатқан жобаларға назар аударды. Жастар орталығы өңірдегі белсенді жастардың басын қосып, олардың бастамаларын қолдап, тың идеяларын іске асыруға мүмкіндік беретін маңызды алаң болып отыр.

Олжас Түсіпбекұлы аудан жастарының белсенді өкілдерімен кездесіп, ашық пікір алмасты. Кездесу барысында жастар саясатының өзекті мәселелері сөз бо-

лып, жас буынның ұсыныстары тыңдалды. Басқарма басшысы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа арнаған биылғы Жолдауының негізгі бағыттарын, әсіресе жастарға қатысты басымдықтарын кеңінен түсіндірді. Ол өз сөзінде жасанды интеллект пен цифрландырудың барлық салаға қарқынды енгізілуі жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, халыққа қолайлы жағдай жасап отырғанын атап өтті.

Жаңа аясында Олжас Түсіпбекұлы аудан әкімі Айдар Ибраевпен бірге «Таза Қазақстан» мемлекет-

тік бағдарламасы шеңберінде ұйымдастырылған акцияға қатысып, ағаш отырғызды. Басқарма басшысы табиғатты қорғау және жасыл желікті кеңейту шараларының маңызына ерекше тоқталды.

Олжас Түсіпбекұлы аудандық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде де болып, жастардың спортпен жүйелі түрде айналысуына жасалған жағдаймен танысты.

Ел ертеңі жас ұрпақ екенін ескерсек, жастар саясатын дамыту мемлекеттік басымдық болып қала бермек.

Ш. ДОСКЕЕВА

ЖАҢАСЕМЕЙ



“АМАНАТ” партиясы Жаңасемей ауданындағы Мұздыбай ауылы тұрғындарының жолға қатысты шағымын назарға алды. Ауыл халқы кіреберіс жолдың жағдайын айтып, мәселе көтергеннен кейін, партия тарапынан жедел бақылау ұйымдастырылды.

МҰЗДЫБАЙДЫҢ ЖОЛЫН «МҰЗ БАСПАЙДЫ»

Аталған мәселені зерделеу үшін Мұздыбай ауылында жиын өтті. Жиынға “АМАНАТ” партиясының Абай облыстық филиалының төрағасы Айдар Садырбаев, облыстық мәслихат депутаты мен қоғамдық кеңес мүшелері, Жол активтері сапасы ұлттық орталығының мамандары, техникалық қадағалау өкілдері, мердігер ұйым – «Өскеменспецкоммунтранс» ЖШС, сондай-ақ аудан және ауыл әкімдері қатысты.

Кездесу барысында ауылға кіреберіс 3 шақырымдық жолдың қазіргі жағдайы талқыланып, мәселенің оң шешімі табылатыны айтылды. Партия басшысы Айдар Серікқазыұлы жол сапасының ауыл өмірінде айрықша

рөл атқаратынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл жұмыс партияның тұрақты бақылауында болып, сапасыз құрылысқа жол берілмейді.

Жол сапасы – ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей әсер ететін маңызды мәселе. Сондықтан бұл жұмыс біздің партия тарапынан тұрақты бақылауда болады. Сапасыз орындалған құрылысқа жол берілмейді. “АМАНАТ” партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасы аясында біз жол сапасын басты назарда ұстап, жергілікті билік пен жауапты мекемелермен бірлесе нақты шешімдер қабылдаймыз, – деді Айдар Садырбаев.

А. АМЕНОВА

ЖАРМА

Жиында әлеуметтік қорғау, еңбек ардагерлеріне қолдау көрсету, сала мамандарының біліктілігін арттыру және жұмыссыз азаматтарды оқыту мәселелері қаралды.

Комиссия отырысында бірінші болып сөз алған Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы Ринат Қасенов зейнеткерлер мен еңбек ардагерлерін әлеуметтік қорғау шаралары жөнінде баяндама жасады. Ол зейнет жасындағы азаматтарға көрсетіліп жатқан қолдаулар, арнайы төлемдер мен санаторий-курорттық емдеу қызметтері туралы ақпарат берді.

Келесі кезекте аудан әкімдігінің Аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Құрма Төлеубаева әлеуметтік сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жайлы мәлімет ұсынды. Оның айтуынша, аталған салада сапалы қызмет көрсету кадрлардың кәсіби деңгейіне тікелей байланысты, сол себепті оқыту жүйелі жүргізілуде.

Жиында сонымен қатар аудандық Мансап орталығының

ҮШ ЖАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Әлеуметтік әріптестік – халықтың әл-ауқатын арттыру мен еңбек қатынастарын үйлестірудің маңызды тетігі. Осы мақсатта Жарма ауданында әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үш жақты комиссияның кезекті отырысы өтті.



басшысы Қайрат Садықов жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес кәсіптік оқыту және қайта даярлау курстарының ұйымдастырылу барысымен таныстырды. Орталық бас-

шысының айтуынша, жұмыссыз азаматтар қысқа мерзімді курстардан өтіп, тұрақты жұмыс орындарына орналасуға мүмкіндік алуда.

Отырыс қорытындысында

қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өзара пікір алмасып, әлеуметтік әріптестікті нығайту және еңбек қатынастарын реттеудегі ортақ міндеттерді нақтылады.

ҚЫЗЫЛСУ ҚОЙМАСЫ ТАЗАРТЫЛУДА

Жарма ауданы аумағындағы Қызылсу суқоймасына «Бақыршық тау-кең өндіріс кәсіпорны» ЖШС ақ амур мен тұқы (сазан) жіберу жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Бұл бастама су қоймасын шамадан тыс өскен су өсімдіктерінен табиғи жолмен тазарту мақсатында қолға алынған.

Күршім ауданынан арнайы тірі балық тасымалдайтын көлікпен 7000-нан астам тұқы жеткізілді. Айдың соңына дейін 14000-нан астам ақ амур су қоймасына жіберілмек.

Мамандардың айтуынша, ақ амур мен тұқы су өсімдіктерін, қамысты жеп, су түбін тазартады. Бұл өз кезегінде су қоймасының экожүйесін қалпына келтіруге, су сапасын жақсартуға және балықтың табиғи түрлерін сақтап қалуға үлкен септігін тигізеді.

Бұл шара су қоймасының экологиялық жағдайын оңалтып қана қоймай, жергілікті флора мен фаунаны қорғауға да бағытталған.

Еркежан ҚАЙСА

КӨКПЕКТІ

БОЛАШАҚҚА СЕНІМДІ ҚАДАМ

Қазіргі уақытта білім беру саласын ақпараттық технологиясыз елестету мүмкін емес. Сондықтан Көкпекті орта мектебінде IT және робототехника клубы ашылды, өз жұмысын бастады. Бір кездері фантастика болған роботтар мен робототехникалар бүгінде «ақылды» құрылғылар ретінде өмірімізге ене бастады. Қазіргі таңда бұл – трендтегі салалардың бірі.



Бүгінгі күні 2-10-сыныптардан IT мен робототехникаға қызығушылық танытқан 40-қа жуық бала үйірмеге барып жүр. Клубта оқушылар бағдарламалау негіздерін үйреніп, заманауи технологиялармен жұмыс істеуді меңгеруді және жобаларын құра отырып, өз күштерін сынап көреді. Робототехникаға ерекше қызығатын балалар алған білімдерін іс жүзінде қолдана отырып, роботтарды бағдарламалауды және басқаруды үйренеді. Сабақтар 5 конструктормен өткізіледі. Бір конструктордың бағасы 500 мың теңгеге жуық, сондықтан оқушылар бірнеше топқа бөлініп оқиды. Мұндай құнды жабдықпен жұмыс істеу балалар үшін үлкен мүмкіндік әрі шабыт көзі екені сөзсіз.

Клуб жетекшісі Бақытбек Орынбаев Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде білім алды. Кейіннен 5 жыл Семей қаласындағы педагогикалық институтта жұмыс істеді. 2013-2023 жылдары Семей қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінде информатика және робототехника мұғалімі бол-

ды. Одан кейін екі жыл Alikhan Bokaikhan University-де робототехника орталығын басқарып, тәжірибе жинақтаған. Осы уақыт ішінде Бақытбек Нұрлыбекұлы IT-саласының білім дағдыларын толық меңгерді. Бұған Малайзияда өткен мамандандырылған курстар, сондай-ақ әр елдердегі әріптестерімен тәжірибе алмасуы ықпал етті. Жетекшінің оқушылары Германия, Сингапур, Түркия, Таиланд елдеріндегі халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындар алып, еліміздің атын танытып келеді. Атап айтсақ, Сингапурда өткен бір байқауда қазақстандық жас роботшылар жалпыкомандалық есепте бірінші орын алған.

Бақытбек Нұрлыбекұлы – Білім министрлігімен келісілген мұғалімдерге арналған арнайы курстың авторы. Бұл курс арқылы еліміздің мұғалімдері робототехника бойынша оқытушы сертификатты ала алады. Өткен жылы осы курстан Ж.Шайжүнісов атындағы орта мектептің екі мұғалімі сәтті өтті.

Клубтың жұмысына келетін болсақ,

Бақытбек Нұрлыбекұлы мұнда әрбір оқушыны өзінің әлеуетін ашуға, командада жұмыс істеуге үйретеді. Біз клубтың бір сабағына қатысып, балалармен бірге робототехниканың ғажайып әлеміне үңіліп көрдік. Клуб сабақтары EV3 Mindstorms LEGO Education жиынтығында өтті. Бұл конструктор LEGO Technic бөлшектері мен күрделі электроникаға негізделген. Әсіресе осы топтама үшін National Instruments графикалық бағдарламалық жасақтаманы әзірледі, оны бағдарламаумен таныс емес адамдар да оңай игере алады. Роботтарды басқару үшін кодтаудың қажеті жоқ, дайын алгоритмдер арқылы балалар роботқа қозғалыс орнатып, дыбыстық командалар беруді меңгереді.

Негізгі жинақ сыныпта пайдалану үшін оңтайландырылған және LEGO Mindstorms технологиясы арқылы оқуға қажетті барлық нәрсені қамтиды. Бұл нақты робототехника технологияларын қолдана отырып, олардың шешімдерін жобалауға, бағдарламалауға және тексеруге мүмкіндік береді.

Сабақ барысында біз балалармен бірге робототехниканың қызықты әлеміне ендік. Роботтардың басқару, алгоритмдер құрастыру, тапсырмаларды топпен талқылау – бәрі де оқушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылық мүмкіндігін дамытуға бағытталған. Әсіресе бір тапсырманы бірлесіп орындаған кезде балалар арасында ынтымақтастық, достық қарым-қатынас орнап, олардың бойында көшбасшылық сияқты қасиеттер қалыптасатынын байқауға болады.

Клуб жұмысының басты мақсаты – балалардың цифрлық әлемге бейімделуін қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды республикалық және халықаралық олимпиадаларға дайындау. Робототехника оқушының бағдарламалау, алгоритмдік, логикалық ойлау, техникалық қиял, инженерлік қабілеттерін дамытады. Үйірме балаңыз бос уақытын тиімді пайдалануға, қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасауға, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға да ықпал етеді.

Көкпекті мектебіндегі IT және робототехника клубы – сабақтан тыс қосымша үйірме ғана емес, оқушыларды білім мен технологияға, шығармашылық пен табандылыққа баулитын орта.

В.ГАРМАШОВА

МАҚАНШЫ

«АБАЙ БАРЫСЫНДА» ТОП ЖАРДЫ

Апта басында, 30 қыркүйек күні, Семей қаласында ересектер арасында өткен қазақ күресінен «Абай Барысы» облыстық турнирі өз мәресіне жетті.

І ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІРІКТЕУ



Аталған дүбірлі додада Мақаншы ауданының намысын қорғаған спортшылар – қазақ күресінен әлем чемпионы, 2024 жылғы «Қазақстан Барысы» республикалық

турнирінің қола жүлдегері Саят Шамшиев пен қазақ күресінен Азия және әлем чемпионы Еркін Сейтқазинов ақтық сынға дейін жетіп, бірінші және екінші орындарды иеленді.

Жоғары деңгейде өнер көрсеткен қос палуан енді «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне жолдама алып, облыс пен аудан намысын ел көлемінде қорғайтын болады.

Жеңімпаз спортшыларды құттықтай отырып, оларға алдағы жарыстарда талай табыс пен жарқын жеңістер тілейміз.

Мақаншы ауданының мерейін өсіретін, ел үмітін ақтайтын азаматтар көбей берсін!

Мақаншы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ҮРЖАР

«100 ТАҢДАУЛЫ КІТАП» КӨРМЕСІ

Үржар ауданында рухани байлықтың алтын кілті – кітапты дәріптейтін ерекше мереке өтті. Аудандық орталық кітапхана мен оған қарасты ауылдық кітапханаларда дәстүрлі «Кітап time – 2025» шарасы кең көлемде ұйымдастырылды.



Бұл іс-шараның басты мақсаты жас ұрпақты кітап оқуға баулу, рухани тәрбие беру, білімге деген құштарлықтарын арттыру болды. Мереке таңғы сағат 10:00-де аудандық орталық кітапханада басталды. Мұнда арнайы әзірленген «100 таңдаулы кітап» көрмесі оқырмандар назарына ұсынылып, құнды әдебиеттер мен танымдық туындылар таныстырылды.

Мерекенің көрігін ұлттық ойындар қыздыра түсті. Оқырмандар арасында өткен «Ақ сүйек», «Жасырылған мақал-мәтелді тап» сияқты қызықты әрі танымдық ойындарға оқушылар белсене қатысып, тапқырлықтарымен ұйымдастырушылардың көңілінен шықты.

Түстен кейін оқушылар арасында 7 раундтан тұратын «Кітап time» квиз ойыны өтті. Қатысушылар түрлі сұрақтарға жауап беріп, білімдерін ортаға салды. Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар табысталды.

Бұл мерекеге тек аудан орталығындағы ғана емес, ауыл кітапханалары да ерек-

ше дайындықпен қатысты. Әрқайсысы өз оқырмандарына қызықты бағдарламалар ұсынды. Айталық, Қарақол ауылдық кітапханасында оқушылар «Кітап – біздің досымыз» атты ойынға, шағын флешмобқа белсене қатысты. Ал Таскескен ауылдық кітапханасында оқырмандарға жаңадан түскен кітаптар таныстырылып, қызықты сұрақ-жауап ойыны ұйымдастырылды. Барқытбел ауылында «Әлемге терезе – кітап» атты мазмұнды көрме көпшілік назарына ұсынылды. Науалы ауылында өткен «Қызықты кітаптар әлемі шақырады» атты кітап жәрмеңкесінде де оқырмандар жаңа әдебиеттермен танысты.

«Кітап time – 2025» тек мереке ғана емес, оқырман мен кітапты жақындастырып, рухани байлығымызды дәріптеген маңызды шара болды. Осындай мазмұнды шаралар жас буынның тәрбиесіне ықпал етері сөзсіз.

Мәлідр САМАЛҚАНҚЫЗЫ, Үржар аудандық орталық кітапханасы

ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ ӨТТІ

Абай атындағы мектеп-балабақша кешенінде волейболдан білім ұясының тарихында есімі алтын әріптермен жазылған спорт шебері, ардагер спортшы, ауылымыздың құрметті азаматы Шамиль Раулұлын еске алуға арналған турнир өтті.

Турнир оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын насихаттау және патриоттық тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылды.

Ойынға мектебіміздің әр жылдардағы түлектерінен құралған командалар қатысты. Айта кету керек, олар бүгінде еліміздің әр түрлерінде, түрлі қалаларда өмір сүріп, қызмет етіп жатса да, туған ауылымен байланысын үзбей келеді. Спорт алаңында олар шебер ойын көрсетіп, өзара тартысты кездесулер өткізді.

Шараға арнайы қонақ ретінде ауылымыздың ардагер спортшылары Самат Серікұлы Смағұлов, Мұхамедияр Ысқақұлы Айжасин, сондай-ақ ауылымыздың бірқатар құрметті азаматтары мен Шамиль ағаның отбасы қатысып, жылы лебіздерін білдірді.

Спорттық шараға жалпы 8 команда қатысып, өзара бақ сынады. Жарыс нәтижесінде 1-орынды «Қарағандыкөл» (350 мың

теңге) командасы жеңіп алды. Жұлделі 2-орынды «Көкжайық» (200 мың теңге), 3-орынды «Үлгілімалшы 1» құрамасы (100 мың теңге) және 4-орынды Семей қаласының «Жастар сарайы» командасы жеңіп алды. Жеңімпаз командаларға арнайы кубок, медаль, диплом және ақшалай сыйлақтар табысталды.

Ойыншылар алаңда бір-біріне қолдау көрсетсе, жанкүйерлер әр сәтті ерекше ықыласпен тамашалады.

Турнирдің жоғары деңгейде өтуіне демеушілік жасап, қолдау білдірген кәсіпкерлер – Абылғазы Көкпаев, Серік Абылқайыров, ауылымыздың тұмасы Николай Готфрид, Мерхат Қазақпаев, сондай-ақ ұйымдастыру шараларына белсене атсалысқан ардагер спортшылар Жандарбек Топпаев, Бақытбек Байғалиев, Олжас Айжасин сынды азаматтарға ұйымдастырушылар алқасы ерекше ризашылықтарын білдіріп, алғыс айтып.

Гүлім ЕРЛАНҚЫЗЫ





Ұстаз – ұлт болашағының шамшырағы, жас ұрпақтың жүрегіне нұр, бойына ізгілік дарытатын ұлағатты тұлға. Ахмет Байтұрсынұлының «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген сөзі ұстаз еңбегінің қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді.

5 қазан – Ұстаздар күніне орай, өңіріміздің білім беру ісіне сүбелі үлес қосып жүрген үздік педагогтер жайлы топтаманы назарларыңызға ұсынып отырмыз.

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҰСТАЗ

Солардың бірі - Армангүл Сербатырқызы. Армангүл – М. Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, жалпы жұмыс өтілі 38 жыл.

Кейіпкеріміз 1965 жылы Ақсуат ауылында дүниеге келген. Бала кезінен білімге құштар, ұқыпты әрі талапшыл болған Армангүл Екпін ауылындағы сол кездегі А.Жданов атындағы орта мектепті алтын медальмен аяқтап, үлкен өмірге нық қадам басты. 1982 жылы Алматыдағы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, оны «Тарих, қоғамтану және кеңестік құқық негіздері» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шығады. 1987 жылы Сәтбаев ауылындағы орта мектепке мұғалім болып қызметке қабылданды. 1989 жылы отбасын құрды. Сол жылдың бірінші қазанынан бастап Көкжыра ауылындағы орта мектепте еңбек етіп келеді.

- Мен жүрек қалауымен ұстаз болдым. Ұстаз болу оңай емес. Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық — ұлық емес, ұлы қызмет» деген дана сөзі бар. Тарих пәні мұғалімі ретінде оқушылардың сыни ойлау қабілетін, тарихи оқиғаларға деген көзқарасын қалыптастыру – басты мақсатым. Балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру — тарихшы мұғалімдердің міндеті. Ұстаздық шеберлік жайындағы әңгімелерде жиі айтылатын осы пікірге мен де қосыламын, - дейді А. Сербатырқызы.

Ұстаздық қызметте алдына осындай нақты мақсат қойған, ізденуден жалықпаған Армангүлдің ұстаздық жолындағы жетістіктері де аз емес. Оның кәсіби ізденісі мен жанышылдығы түрлі марапаттар мен алғыс хаттар арқылы дәлелденіп келеді. Оның бәрін тізіп шығу орынсыз болар. Дегенмен біраз марапаттарына



Ж а с ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең жауапты әрі маңызды іс болған, әлі де солай болып қала бермек. Білім кілті білікті ұстаздардың қолында. Бұл мамандық қажырлы еңбек пен шынайы шығармашылық ізденісті, талмай талаптануды қажет етеді. Тал бойындағы барлық қажыр-қайратын, күш-жігерін білім саласын дамытуға арнаған ұлағатты ұстаздар ауданымызда аз емес.



тоқталып өткен артық болмас. Мысалы, ол 2021 жылы “Заманауи мектепте ұлттық тарихты оқытудың өзекті мәселелері” тақырыбындағы конференцияға белсене қатысқаны үшін Шығыс өңірлік орталығының алғыс хатын алыпты.

Сол сияқты “Назарбаев зияткерлік мектептері” ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы өткізген халықаралық конференцияда және «Кемеңгер ұстаз» республикалық ғылыми-әдістемелік журналымен бірлесе іс-тәжірибе алмасты. Оқушыларды ғылыми жобаға дайындағаны үшін мектеп директорының алғыс хатын да иеленген. 2022 жылы ІІ облыстық ғылыми өлкетану конференциясына оқушы дайындағаны үшін Абай облысы тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының алғыс хаты да берілген. ҚР

Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақстан тарихы пәнінен Bilimnuz.kz орталығы ұйымдастырған олимпиаданың І дәрежелі дипломын жеңіп алды. «Кемеңгер ұстаз» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында «Тарих сабағында логикалық тапсырмаларды пайдалану» атты мақаласы жарық көрді. Сондай-ақ «ҚР 100 үздік дарынды оқушы» атты республикалық байқауда шәкірттері жеңімпаз атанды.

Армангүл Сербатырқызының шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі өнер, білім сайыстарында үнемі жүлделі орындар алып, ата-аналары мен ұстаздарының сенімін ақтап келеді. Бұл — ұстаз еңбегінің, шәкірттерге берген сапалы білім мен саналы тәрбиенің жемісі.

Қазіргі таңда Армангүл жолдасы Қайырбек Бексеновпен бірге 3 баланы тәрбиелеп өсіріп, 7 немеренің сүйікті әжесі атанып отыр.

Кәсібіне адал, шәкірттерінің жүрегіне жол таба білген тәжірибелі ұстаз ауданымыздың білім саласын дамытуға әлі де зор үлес қосары сөзсіз.

Х.СӘТІЕВ,
Ақсуат ауданы

ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНДЕ

Шолпан Төкішқызы - бүкіл саналы ғұмырын балаларға білім мен тәрбие беруге, математика ғылымының қыр-сырын үйретуге арнаған ұлағатты ұстаз.



Шолпан Төкішқызы 1956 жылы Абай ауданына қарасты Саржал ауылында дүниеге келген. Ауылдағы онжылдық мектепті 1974 жылы бітіріп, сол жылы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Шолпан апайдың студенттік шағы білім алуден ғана емес, спорттағы жетістіктермен де ерекшеленді. Ол жыл сайын шахматтан жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп отырған.

1978 жылы қолына дипломын алған жас маман Шубартау өңіріндегі Емелтау ауылында еңбек жолын бастайды. Ал 1984 жылдан бері, яғни қырық жылдан астам уақыт бойы, Аягөз ауданының Мәдениет ауылындағы Е.Рахмдиев атындағы жалпы орта білім беретін мектепте математика пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келеді.

Ұжымында абыройға беленген Шолпан апай осы жылдар ішінде бірнеше сыныптың жетекшісі болды, пән бірлестігін, мектептің кәсіподақ ұйымын басқарып, «Шахмат» үйірмесін жүргізді.

Ұлағатты ұстаздың есімі аудан, облыс көлемінде құрметпен аталады. Білікті маман 2003 жылы өткен сынып жетекшілер сайысында ІІ орынға ие болса, 2007 жылы «Жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбие жұмысының жүйесі» атты іс-тәжірибесі ауданда таратылды. Білікті ұстаздың педагогикалық тәжірибесі 2013-2014 оқу жылында аудан көлемінде тағы бір рет таратылып, өріптестеріне үлгі ретінде ұсынылды.

Ұстаз үшін ең үлкен марапат – шәкірт жетістігі. Бұл тұрғыда

ның алғыс хаттарымен, грамоталармен марапатталған. Ал 2023 жылы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың алғыс хатына ие болды.

Шолпан апайдың шәкірттері бүгінде ел игілігіне еңбек етіп жүрсе, бірқатары жоғары білім алуда. Ұстазының жолын қуған шәкірттері де аз емес. Балжан Жұмаханова - Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің математика факультетінің магистранты. Ал Нұргүл Қарымсақова ҚазҰУ-дің «Механика-математика» факультетін тамамдап, магистратура мен докторантура бітірген, бүгінде аға мұғалім. Еркежан Амангелді Шәкірім университетінің математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, ұстаз болып еңбек етуде.

Шәкірттерінің арасында елге белгілі тұлғалар да бар. Солардың бірі – бірнеше әдеби сыйлықтардың иегері, «Көлеңкелер күбірі» жыр жинағы мен «Болмаған балалық шақ» повесінің авторы, «Кентавр» ұлттық әдеби апталығының негізін қалаған қаламгер Ақберен Елгезек.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деген ұлы Абайдың сөзін өмірлік ұстанымы еткен Шолпан Төкішқызы – шәкірт жүрегіне жол тапқан білікті ұстаз. Оның өмір жолы, еңбегі мен елге сіңірген қызметі – жас ұстаздар үшін де, ұрпақ үшін де өнеге.

Салтанат АМАНТАЙҚЫЗЫ
Абай облысы
Білім басқармасының
баспасөз хатшысы

Абыралы өңіріне белгілі Сәрсенбековтер әулеті – ұстаздық жолды өмірінің басты мұраты еткен абыройлы әулет. Әулет мүшелері бірнеше буын бойы білім беру саласына қызмет етіп келеді. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 215 жыл.

ЕКІ ҒАСЫР ШЕЖІРЕСІ



Ұстаздардинастиясы Самат Сәрсенбековтен бастау алады. Қайнар орта мектебінде 42 жыл еңбек етіп, физика, математика, сызу және астрономия пәндерінен сабақ берді, кейін мектеп директоры қызметін атқарды. Жары Жайкенова

Өзипа Тасыбайқызы да ұстаздық жолды таңдаған. 27 жыл бойы шәкірт тәрбиелеп, отбасына береке орнатқан ардақты ана болды. Әулеттің ұл-қыздары да ұстаздық дәстүрді жалғастырып келеді. Зәуре Сәрсембекова – Семей қала-

сындағы №45 мектептің математика пәні мұғалімі, еңбек өтілі - 37 жыл. Айгүл Сәрсембекова – ҚазҰТУ доценті, техника ғылымдарының кандидаты, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында доцент қызметін атқарған.

Берік Саматұлы – С.Бегалин атындағы мектептің директоры болып, 30 жыл дене тәрбиесі саласына үлес қосқанын жұртшылық жақсы біледі. «Дене шынықтыру саласына сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Нұргүл Жұмажанова – орыс тілі мен әдебиеті пәнінің білікті ұстазы, «Орыс тілі сабағындағы қалыптастырушы бағалау» тақырыбында авторлық бағдарлама жазған, еңбек өтілі - 33 жыл.

Дидар Сәрсембекова бастауыш сынып мұғалімі мамандығын бітірген. Индира Саматова – биология ғылымдарының кандидаты, PhD-доктор, қазір Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де қызмет етеді.

Әулеттің келесі буыны да ұстаздық жолды таңдаған. Моншақ Рахымбек – №44 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Аружан Берікқызы ағылшын тілі мұғалімі мамандығы бойынша 4-курсқа білім алады.

Әулет өкілдері мектепке демеушілік көрсетіп, С.Сәрсенбеков пен Ө.Жайкенова атындағы математика кабинетін жабдықтап берді. Сондай-ақ математикадан аймақтық олимпиада өткізіп, шәкірттерге қолдау көрсетіп келеді.

Нақты айтқанда, Сәрсенбековтер әулеті – ұрпаққа ізгілікті мұрат қалдырған ұстаздар династиясы.

С.КӘРІПБАЕВ

ҚАЛИ ҚАРТТЫҢ ҒИБРАТЫ

Қазір балаларының барлығы да ұстаздықпен ұштасқан түрлі мамандық бойынша әке жолын жалғастырып келеді. Айдар досымның Лаурамен ғұмыр жастырыған үйлену тойына куә болдым. Одан кейінгі де әулет қуанышы өмір арасында жалғасын тауып жатты. Ең бастысы, балаларының ұрпақ өсіріп, өмірден өз орындарын таба білгені де Қали қарттың тағылым-тәрбиесінің бір көрінісі екендігіне күмән жоқ.

Бір айтарлығы, әкесінің

де елге танымал баспагерлік саланың бесаппа маманы. «Zhardem» баспа үйінен кітаптары жарық көрген белгілі ақын-жазушылардың барлығы дерлік Айдар Қалиұлының аты естілсе, елен етпеді десем, асыра мақтағаным емес. Жары Лаура Советқызы – медицина саласының білікті дәрігері. Тек өз шаңырағының ғана емес, Құдайбергендер әулетінің шырамын енгізіп отырған ұйытқысы.

...Өткен жылдың күзінде Ғали-Арыстан ақсақал денсаулығын дерт меңдеп, 90 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Шау тартқан шаққа жетсе де шаршап, шалдығуды білмейтін, қимылы ширақ қалпына қылау түсірмей өткен қазақтың осынау қазыналы қартының қадірі ерекше.



жолын жалғастырған бұл шаңырақтың төрт перзенті - Анар, Жанар, Айдар, Арай білім беру саласында ұстаздық етіп келеді.

Ал менің ширек ғасырдан бері араласып, отбасылық сыйластығымыз да лайықты үйлесім тапқан Айдар Ғали-Арыстанұлы – қазіргі күн-

қиындықтың қай түрінен де қаймықпайтын, кедергі кездесе, кері қайтуды білмейтін Қали ақсақалдың ғибратты ғұмыры туралы әлі де көптеп айтуға болады.

Менің тілге тиек еткенім - өзім куә болған жайлардың бір үзгіі ғана...

НАРТАЙДЫҢ ЖАРҚЫН БЕЛЕСІ



Биылғы жаңа оқу жылы Көкпекті ауданы үшін ерекше жаңалықпен басталды. Аудан орталығындағы Көкпекті орта мектебіне жаңа директор тағайындалды. Конкурс қорытындысы бойынша мектеп басшысы лауазымына Нартай Советханұлы лайық деп танылып, осы жауапты қызметке кірісті.

Нартай Советханұлы математика саласының білікті маманы, тәжірибелі ұстаз әрі жаңашыл, іскер азамат ретінде танымал. Семей мемлекеттік педагогикалық институтының түлегі. Ізденімпаз жас маман халықаралық «Болашақ» бағдарламасының тағылымгері атанып, Ұлыбританияның ийгілі University of Sussex оқу орнында білім беру жүйесін диагностикалау, бақылау және басқару саласында тәжірибе жинақтаған. Педагогика ғылымдарының магистрі және құқық магистрі академиялық дәрежелерін иеленген.

Нартай Советханұлы бұған дейін Семей және Түркістан қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, сарапшы-эксперт, тренер-жетекші, математика пәнінің мұғалімі ретінде жемісті қызмет атқарған. Бұл мектептердегі үздік тәжірибе мен жоғары стандарттарды енді Көкпекті мектебінің игілігіне жарату – жас директордың басты мақсаты.

Ауданымыздың білім саласы жұртшылықтың басты назарында. Осы орайда Нартай Советханұлы кадрлық әлеуетті арттыру, білікті мамандарды тарту мәселесіне ерекше көңіл бөліп отырған аудандағы жаңадан құрылған «Көкпекті» ауылшаруашылық қорының бастамасымен ауданға арнайы шақыртылды.

Жаңа басшы білім саласын айналыр мектепте бірге қызмет атқарған білікті ұстаздарды Көкпектіге тартты. Атап айтқанда, информатика және робототехника пәні мұғалімі Орынбаев Бақытбек Нұрлыбекұлы мен тарихшы-экономист Қайырханова Гүлнар Қайсақызы енді Көкпекті мектебінің ұстаздар қатарын толықтырды.

Жаңа басшылықтың алдында тұрған міндет оңай емес. Көкпекті орта мектебі кезінде ауданда үздік білім ордасы саналғанымен, бүгінде ғимараты жөндеуді, ал материалдық-техникалық базасы жаңғыртуды қажет етеді. Мектептің компьютерлік техникасы мен құрал-жабдықтары өбден ескірген. Осы орайда алғашқы жақсы жаңалық та бар: жуырда Еуразиялық банктің облыстық бөлімшесі мектепке 5 дана заманауи компьютер мен 5 принтер сыйға тарту етіп, қолдау көрсетті.

Ел болашағы білімді ұрпақтың қолында. Ал білімнің бастауы мектеп пен ұстазда. «Ұстаз еңбегі – ұрпақтың келешегіне салынған инвестиция» десек, бұл қызметтің маңызын бағамдау қиын емес. Жаңа басшы мен оның командасынан аудан халқы зор үміт күтеді.

Жаңа басшы ел үмітін ақтайды деген сенім мол.

Фархат МАРАТҰЛЫ,
Көкпекті ауданы

МАТЕМАТИКА МАЙТАЛМАНЫ БОЛҒАН

МАРҚҰМ МАСХҰТ УСМАНОВ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС



**Ұстаздық еткен жалықпас
Үйретуден балаға.**

**Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға...**

Хакім Абай Құнанбайұлының осынау бір ғана шумағынан ұстаздық жолды таңдаған жанның бүкіл болмысы көрінеді. Ертеден терең руханияттың, өркенді мәдениет пен кемел білімнің ордасы саналатын Семейде айшықты ізін қалдырған тұлғалар жетерлік. Бұл күнде кеңестік дәуірдің көзіндей көрінгенімен, Сәкен Сейфуллин атындағы №1 мектеп-интернатының орны ерекше болғаны тарихи ақиқат. Бұл білім ошағында қазіргі күнде елге танымал қаншама буын тәрбиеленгеніне деректер жетерлік. Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ, «Semei tanu»

Ең ғажабы осынау алтын ұяда айшықты ізін қалдырған, маңдай терін сіңірген ұстаздар есімі құрметпен аталады. Сондай қастерлі есімдердің бірі - Масхұт Махмұтұлы Усманов. Ұстаз болу - ең алдымен елдің ертеңі болар тұлға қалыптастыру десек, 1959 жылы Семейдің педагогикалық институтының математика факультетін бітірген ұстаздың осы тұрғыдағы кәсіби қызметі ерекше. Оқу орнын тамамдаған соң, Семейдегі С.Сейфуллин атындағы №1 мектепке жолдама алған Масхұт Махмұтұлы өз ісіне лайықты адал еңбек етті. Сан ұрпаққа сабақ беріп қана қоймай, болашағына бағыт сілтеген темірқазықтай көрінетін тұлға туралы қанша толғансақ та артық болмасы анық. Масхұт ұстазбен бірге қызмет атқарған белгілі педагог, Семей қаласының Құрметті азаматы Жұмағазы Стамбековтің айтуынша, оның тәлімін алған шәкірттерінің осалы жоқ.

- Мен Масхұт аға туралы көп нәрсені айта аламын. Ең алдымен аға буындағы ұстаз ретіндегі қасиетіне тәнті болдым. Ол кісінің математика пәнін терең



меңгергені өз алдына, ұрпақ тәрбиесіндегі кез келген жайға бейжай қарамайтын. 1997 жылдан 2018 жылға дейін Семейдегі №37 мектеп гимназияда ди-

ректор қызметін атқардым. Осы кезеңде зейнеткерлік жасқа шықса да Масхұт ағамен өз қатарымызда бірге қызмет атқаруыма тура келді. Негізі Масхұт аға

бұл білім ордасына 1993 жылы арнайы шақыртумен келген екен. Негізінен жоғары сыныптарға сабақ берді. Сол кезде бір байқағаным, уақытпен есептеспейді. Мәселен, сабақ 8-де басталса да ол кісі 7.30-да мектепте отыратын. Балаларға математика пәнінің құдіретін, келешекке керектігін бар ынтасымен түсіндіретін. Уақыт өте келе татулық, сыйластық артып, отбасылық тұрғыдан да жақын араласа бастады. Жұбайы Меңсафа Мұхамедсадыққызы Семей қалалық атқару комитетінде қызмет істесе де шаңырақтың шырайын енгізіп, Масхұт Махмұтұлының қоғамдағы, жалпы ортадағы азаматтық болмысын асқақтап отыратын жаратылысы бәрімізге үлгі болды. Масхұт Махмұтұлының шәкірттерінің ішінде үздіктері де аз емес. Солардың бірі - Қазақ теміржол институтын бітірген, қазір осы саланың өндірісінде жүрген Бейбіт Ибраев. Дәрігер Рауан Бағданұлы Тоқтамысов шетелде оқып келіп, өз саласының білікті маманы ретінде мойындалған. Тағы бір мықты шәкірті - қазіргі Ұлттық экономика вице-министрі Арман Хасенов. Осылай жалғастыра берсек, белгілі шәкірттерін көптеп келтіре беруге болады, - дейді «Құрмет» орденінің иегері Ж. Диарұлы.

Тағы бір айтар жайт, Масхұт Махмұтұлы жайында «Семей таңы» газетінде осыдан бес жыл бұрын жазылған естелікте (авторы З. Қалиева - ред.) былай делінген екен:

«С. Сейфуллин атындағы мектеп-интернатты 50 жыл өтсе де қимастықпен еске аламыз. Талай қазақ баласын білім нәрімен сусындатқан, білім шыңына көтерген менің мектебім деп мақтанышпен айтамыз. Мектеп директоры болған Төкен Жұманұлы Жұманов аңыз адам ғой! Мұғалімдеріміз өте білімді, ұшқыр ойлы, бала жанын, бала тәрбиесінің

қыр-сырын жетік меңгерген нағыз ұстаз болуға жаралған жандар еді. Әмина Ахтимова, Ольга Николаевна, Рамазан Дүкенбайұлы, Хабиба Ғұмарқызы, Масхұт Махмұтұлы... Бәрін де тізіп берер ем... Сол бір ізгі жандарды, аяулы ұстаздарымызды бүгінде сағына еске аламыз, ешқайсысын да ұмытқан жоқпыз. Масхұт ұстазымыздың жасы ол кездері отыз бестер шамасында болатын. Шағы сарғыш қоңыр, орта бойлы, шымыр денелі, жүрісі ширақ, сырт келбетіне ішкі жан дүниесі сай еді. «Сен ұғып отырсың ба?» дегендей, оқушының бетіне тура қарап, әр шәкіртінің көңіліне үңіліп, сабақты ширақ, түсінікті қылып жүргізетін. «Қазақ баласы математик болып туады» деуші еді. Масхұт ағай бізге 9-10 кластарда сабақ берді. Бала жанын ұғатын, әрі өз пәнін жете меңгерген ұстазымыз сабақтарын санамызға қонымды етіп түсіндіретін, қызықтырып оқытатын. Қиын формулаларды мейлінше жеңіл жолмен ұқтырып беруге тырысатын», - деп толғанады мақала авторы.

Осындай танымы терең, тағылымы тарихқа естелік болып қалған тұлға туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Ең бастысы, шәкірттерінің атап айтарлық алдыңғы лектен көрінуінде болса керек. Генерал Бағдат Сейтбатталов, облыстық маслихат депутаты Риза Молдашева, абайтанушы ғалым Асан Омаров, ұстаз жолын жалғастырған Фауида Вильданова, Лайла Бектібаева, Ақберген Базарбеков, Арайлым Жаныс секілді танымал ғалымдарды көптеп айтуға болады.

Жары Меңсафа Мұхамед-садыққызымен ғұмыр жарастырған ұлағатты ұстаз Гүлнәр, Альфия атты қыздарынан бас немесе, сегіз шебері сүйіп, бақытқа кенелген шаңырақ иесі болғаны да тәрбие қайнарын танытаты анық.

ДЕНСАУЛЫҚ

Қазақстан аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды жүзеге асыру - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/496 бұйрығындағы көрсетілген талаптар негізінде жүргізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ОРНЫ АУЫСТЫРЫЛАТЫН (ТАСЫМАЛДАНАТЫН) ОБЪЕКТІЛЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ ТӘРТІБІ



Аталған бұйрықтың талаптарына сәйкес, тасымалдауға жататын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер Заңның 8-бабының 46-4) тармақшасына сәйкес бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларына және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға сәйкес берілген ветеринариялық құжаттармен қоса жүреді. Қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, мысалы сатуға апарылатын мал мал сою объектісінде сойылады, алғашқы ветеринариялық қарап тексерулерден өтеді.

Міне, осылай еттің қауіпсіз екеніне көз жеткізілгеннен кейін барып ветеринариялық құжат-ветеринариялық анықтама беріледі. Бұл құжат тасымалданған мал еттің барған жеріне дейін жарамды болады. Сонымен қатар өнімді тасымалдайтын көлік құралдарының жай-күйі және көлік құралдары мен өнімнің температуралық режимі ветеринариялық талаптарға сәйкес келуі тиіс; Жануарлардан алынатын өнімдерді тасымалдау техникалық шарттарды сақтай отырып, арнайы жабдықталған автокөліктерде жүзеге асырылады. Орны ауыстырылатын мұздатылған ет, ет өнімдері және балық, жануар майларын тиеу кезіндегі температурасы -8 градустан артық емес 0-ден +4-ке дейін болуы тиіс, көлік шаңағындағы температура -12-ден жоғары емес, ал суыған еттің тиеу кезіндегі температурасы +4-тен +12-ге дейін, көлік шаңағындағы температура +4-тен -10-ға дейін болуы керек. Салқындалатын немесе тоңаздытылған етті жақын қашықтықтарға тасымалдау кезінде оны үйіп, бірақ екі қабаттан асырмай тиеуге рұқсат етіледі. Автокөлік шаңағының едені жуылады, таза брезент, одан кейін таза мата төселеді. Еттің беті таза материалмен жабылады. Етті мұнай өнімдерімен немесе өткір иісті заттармен сіңірілген (ластанған) өткір ерекше иісі бар өнімдермен бірге автокөлік құралдарында тасымалдауға жол берілмейді. Сүт және сүт өнімдері балауса күйінде (флягаларда, цистернада) ыдыста тасымалданады. Сүт және сүт өнімдерін өткір иісі бар өнімдермен бірге тасы-

малдауға тыйым салынады.

Малдәрігерлері тірі жануарлардың орнын ауыстыру кезінде жануарларды ветеринариялық қарап-тексеруді, іріктеп термометрия жүргізуді, тамыр соғысы мен тыныс алуын өлшеуді жүзеге асырады. Сонымен қатар, малдәрігерлері ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесінен малдың деректерін, жүргізілген егу-тексеру тексеру жұмыстарын қарайды. Ауру анықталған кезде жүк жөнелтуші немесе бірге жүретін адамдар қажетті шаралар қабылдау мақсатында тиісті аумақтардың жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына кідрмістен хабарлауы тиіс. Жүру жолында немесе жануарларды түсіру орнында өлекселер табылған кезде олардың иесі (жолсерік) өлім-жітімнің себебі туралы қорытынды негізінде тиісті ветеринариялық-санитариялық шаралар қабылдайтын ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының жақындағы аумақтық бөлімшесіне жүгінеді. Тасымалданатын объектілердің арасында (тиеу, түсіру кезінде, жүру жолында) ауру жануарлар, сондай-ақ жануарлардың өлекселері анықталған кезде инспекторлар, дәрігерлер оларды тасымалданатын партияның қалған жануарларынан бөліп алады. Бұл туралы жануарлар партиясының шыққан аумағының инспекторына, сондай-ақ ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ведомствосына хабарлайды. Ауру жануарлар анықталған кездегі барлық жағдайларда ветеринариялық-санитариялық және эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі.

Ғ.МӘКЕНОВ,

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Көкпекті аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

МАҚАНШЫДА ШЕКАРА БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖИЫНЫ ӨТТІ



Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты

шекара бөлім мен бөлімшелерінің бастықтарының кәсіби жиыны өтті. Жиын барысында басқарма басшылығы тарапынан әр бағыт бойын-

ша сабақтар ұйымдастырылды. Әрбір офицер өз саласы бойынша тәжірибе бөлісіп, жаңа талаптар мен міндеттерді түсіндірді. Бұл сабақтар шекарашы басшылардың кәсіби даярлығын жетілдіріп, қызмет сапасын арттыруға бағытталды.

Сонымен қатар, іс-шара аясында спорттық жарыстар өткізіліп, қатысушылар түрлі спорт түрлерінен бақ сынады. Бұл жарыстар офицерлердің дене шынықтыру деңгейін арттырып қана қоймай, өзара ынтымақтастық пен командалық рухты нығайтты.

Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасында өткен бұл жиын мемлекеттік шекараны күзетуде жауапты қызмет атқарып жүрген бастықтардың кәсіби біліктілігін арттыруға, жаңа тәжірибелерді игеруге және ұжымдық бірлікті бекемдеуге үлкен серпін берді. Шекарашы офицерлер үшін мұндай кездесулер алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын табатын болады.

Ердос ҚОЗЫБАЙҰЛЫ,
аға лейтенант
ҚР ҰҚК ШҚ Абай облысы бойынша департаменті

«АБАЙ ОБЛЫСЫ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БОС ЛАУАЗЫМҒА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

«Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылықты жүргізу құқығындағы

«Абай облысы Семей қаласының «Семей төртіп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры - 1 бірлі.

«Абай облысы Семей қаласының «Семей төртіп» КММ мына мекенжайда орналасқан: пошта индексі 071400, Абай облысы, Семей қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 97 үй, телефон: 35-55-06. электрондық адресы: ctusemey@mail.ru

Кәсіпорынның негізгі қызметі:

- 1) Қала мен елді мекендерді абаттандыру және дамыту;
- 2) Елді мекендерге санитарлық қызмет көрсету;
- 3) Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру;
- 4) Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне (лифт, шатыр, инженерлік желілер) күрделі жөндеуді ұйымдастыру және жүргізу;
- 5) Қала көшелері мен жолдарын күтіп ұстау.

Функционалдық міндеттері: мекемедегі істің жай-күйі және мүлктің мақсатты пайдалануы мен сақталуы үшін меншік иесі мен мемлекеттік басқару органы алдында жеке жауапкершілік жүктейді; заңдылықтармен және осы Жарғымен белгіленген құзырет шегінде дара басқару қағидатында және дербес іс-әрекет жасайды; Мекеме қызметінің мәселелерін шешеді; Мекеме атынан сенімхат-сыз әрекет жасайды, оның мүдделерін барлық органдарда қорғайды, Заңнамамен және осы Жарғымен белгіленген шектерде Мекеменің мүлкін басқарады, шарттар жасайды, сенімхаттар береді, өзге келісімдер жасайды, барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді; құрылтайшының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді; штат кестесін бекітеді, еңбекті төлеу жүйесін белгілейді, Мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді, Мекеме қызметшілері арасындағы міндеттерді бөледі; өз құзыры шегінде еңбек заңнамасына сәйкес Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, көтермелеу шараларын қабылдайды және жаза белгілейді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары «Инженерлік-техникалық» басшылық лауазымдарда мамандығы бойынша кемі 5 жыл жұмыс етілінің болуы.

Көрсетілген лауазымға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңдарын, осы

мекеменің қызметі аясындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін білу.

Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті кәсіби білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 70 бұйрығы бекіткен Мемлекеттік кәсіпорын басшысын тағайындау және аттестаттау, сонымен бірге оның кандидатурасын келісу қағидаларының негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға тілек білдірген азаматтар, «Семей таңы» және «Вести Семей» газеттерінің ресми басшылығында конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде, тезтіктеге салынған мына құжаттарды «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (Абай облысы, Семей қаласы, Төңірбергенов көшесі, 1, 201-кабинетке тапсырады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленген түйіндемесі;

- 3) еркін түрде жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе соңғы жұмыс орнында жасалған еңбек шартының, немесе жұмысқа қабылдау және еңбек шартын доғару туралы бұйрықтардың үзінділеріндің көшірмелері;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығы бекіткен үлгі бойынша денсаулығының жай-күйі туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзіннің біліміне, жұмыс етіліне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін жоғарылату, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдары туралы құжаттардың көшірмелерін, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылықтың қолдау хаттарын және т.б.) тапсыра алады.

Конкурсқа қатысуға рұқсат берілген үміткерлер, үміткерлерді конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хабарландырылған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Абай облысы, Семей қаласы, Төңірбергенов көшесі 1 мекенжайында орналасқан «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ-ң ғимаратында № 201 кабинетте әңгімелесуден өтеді.

Конкурсқа қатысу жөніндегі шығындарды (конкурс өткізетін жерге бару және қайту, пәтерде тұру және т. б.) азаматтар өз қаражаты есебінен төлейді.

КӨНІЛ АЙТУ

«АБАЙ АІМАҚ MEDIA» ЖШС ұжымы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, аудармашы Қайырбек Семейғазыұлына және Шағырөзтәу әулетіне аналары Мәсұра ӘЗІМБАЙҚЫЗЫНЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫҢ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫМЕН САЙЛАУАЛДЫ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КҮНТІЗБЕСІ

Төлеуов Қаныш Максұтұлы						
Кездесу күні мен уақыты	Кездесу күні мен уақыты	Кездесу күні мен уақыты	Кездесу күні мен уақыты	Кездесу күні мен уақыты	Кездесу күні мен уақыты	Кездесу күні мен уақыты
Кездесу орны	Кездесу орны	Кездесу орны	Кездесу орны	Кездесу орны	Кездесу орны	Кездесу орны
Бейсенбі 02.10.2025 ж. 13:00	Жұма 03.10.2025 ж. 14:00	Дүйсенбі 06.10.2025 ж. 14:00	Дүйсенбі 06.10.2025 ж. 16:00	Сейсенбі 07.10.2025 ж. 14:00	Сейсенбі 07.10.2025 ж. 16:00	Сәрсенбі 08.10.2025 ж. 14:00
№51 жалпы орта білім беретін мектеп	«Азия» фирмасы - ТББзауыты	«Геобарлау колледжі» ШЖҚ КМК	"ІТ және жаңа технология лар жоғарғы колледжі" ШЖҚ КМК	«Политехникалық колледж» ШЖҚ КМК	«Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі» ШЖҚ КМК	«М.О. Әуезов атындағы Педагогикалық колледжі» ШЖҚ КМК
Сәрсенбі 08.10.2025 16:00	Бейсенбі 09.10.2025 14:00	Бейсенбі 09.10.2025 16:00				
КГКП «Бизнес және сервис жоғары колледжі»	КГКП «М.Төлебаев атындағы музыкалық училище»	«Д. Қалматаев атындағы Мемлекеттік жоғары медициналық колледж» ШЖҚ КМК				
Бекжасаров Айболат Қайыркешұлы						
Бейсенбі 02.10.2025	Жұма 03.10.2025	Дүйсенбі 06.10.2025	Сейсенбі 07.10.2025	Сәрсенбі 08.10.2025	Бейсенбі 09.10.2025	
Океан, Новостройка аудандарының тұрғындарымен кездесу №5 гимназия, сағат 10:00	Заря ауданының тұрғындарымен кездесу №7 жалпы орта мектеп, сағат 10:00	Қарағайлы ықшам ауданының тұрғындарымен кездесу №51 жалпы орта мектеп, сағат 09:00	Ақсай кентінің тұрғындарымен кездесу сағат 10:00	Березовский кентінің тұрғындарымен кездесу сағат 10:00	Қаланың орталық бөлігінің тұрғындарымен кездесу Абай атындағы облыстық әмбебап кітапхана, сағат 10:00	
«Сема3» ЖШС еңбек ұжымымен кездесу Акт залы, сағат 15:00	Затон ықшам ауданының тұрғындарымен кездесу №18 жалпы орта мектеп, сағат 15:00	Энергетик ықшам ауданының тұрғындарымен кездесу №51 жалпы орта мектеп, сағат 11:00 «БСМП» ШЖҚ КМК еңбек ұжымымен кездесу Мичурина көшесі, 140 А сағат 15:00	«Теплокоммунэнерго» ШЖҚ КМК еңбек ұжымымен кездесу Акт залы, сағат 15:00	«Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ еңбек ұжымымен кездесу Акт залы, сағат 14:30	Қаланың жастарымен кездесу «Alikhan Bokeikhan University» жоғары оқу орны, сағат 12:00	
Жұма 10.10.2025						
Водный және Восход кенттерінің тұрғындарымен кездесу №34 жалпы орта мектеп, сағат 11:00						
«QAZAQ-ASTYQ GROUP» ЖШС еңбек ұжымымен кездесу Акт залы, сағат 14:30						
Кризистік орталықтың еңбек ұжымымен кездесу 35-ші квартал, 18 Б/1 сағат 16:00						
Шапатов Қанат Мұратұлы						
Бейсенбі 02.10.2025	Жұма 03.10.2025	Дүйсенбі 06.10.2025	Сейсенбі 07.10.2025	Сәрсенбі 08.10.2025		
Семей қаласының Абай облысы білім басқармасының білім бөліміне қарасты «№44 жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.	Абай облысы денсаулық сақтау басқармасына қарасты Семей қаласының «№1 поликлиника» ШЖҚ КМК.	Семей қаласының Абай облысы білім басқармасының білім бөліміне қарасты «№21 жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.	Семей қаласының Абай облысы білім басқармасының білім бөліміне қарасты «Шәкәрім атындағы №5 көпсалалы гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.	«Есіктен есікке» акциясы		
Өткізу орны - 50 адамдық акт зал. Уақыты: 12:30 Мекен-жайы: Строительная көшесі, 8	Өткізу орны - 100 адамдық акт залы. Уақыты: 11:00 Мекен-жайы: Жамақаев көшесі, 100	Өткізу орны - 100 адамдық акт залы. Уақыты: 12:30 Мекен-жайы: Лебаев көшесі, 45 А	Өткізу орны – 100 адамдық акт залы. Уақыты: 12:40 Мекен-жайы: Байтұрсынов көшесі, 38			
Бейсенбі 09.10.2025	Жұма 10.10.2025					
Абай облысы денсаулық сақтау басқармасына қарасты «Облыстық АИТВ инфекциясын алдын алу орталығы» КГП на ПХВ.	«Есіктен есікке» акциясы					
Өткізу орны – 100 адамдық акт залы. Уақыты: 12:00 Мекен-жайы: Қайым Мұхамедханов көшесі, 24						
Қожанбаев Өділет Нұрсағатұлы						
Бейсенбі 02.10.2025	Жұма 03.10.2025	Дүйсенбі 06.10.2025	Сейсенбі 07.10.2025	Сәрсенбі 08.10.2025		
72-квартал, Орталық базар, Орталық ауданға шығу	ЦУМ, Татқрай, Казқрай, Теміржол вокзалы, Бизнес колледжі аудандарына шығу	Соқырлар қоғамы, Дальний, Березовский кенті, Аксаринский, Птичник аудандарына шығу	Восточный саяжай алабы, Водный кенті, Восход кенті, РСУ аудандарына шығу	Бейбітшілік аралына шығу		

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«КЕҢ ДАЛА 2» БАҒДАРЛАМАСЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен қаржы институттарының алдына көктемгі егіс жұмыстарын уақытында қолға алу туралы міндет қойған болатын.

Осы тапсырманы жүзеге асыру және қолдау шараларын жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар аясында биыл «Кең дала 2» бағдарламасына өтінім қабылдау 2025 жылғы 1 қазаннан басталады.

Басты мақсат - ауыл шаруашылығы өкілдерін алдын ала қаржыландыру. Бұл жаңа ауыл шаруашылығы маусымына тиынақты дайындалуға, жанар-жағармайды қолайлы бағаммен сатып алуға, тыңайтқыш алуға, техниканы жөндеуден өткізуге және қажетті тұқым қорын қалыптастыруға жол ашады. Дәл осы кезеңдегі қаржылай қолдау егіс науқанын табысты өткізу үшін шешуші фактор саналады.

Ерте қаржыландыру тетігі 2024 жылдың қараша айының соңында іске қосылып, бірден жоғары сұранысқа ие болды.

Бағдарлама шеңберінде жылдық 5% жеңілдетілген сыйақы мөлшерлемесі ұсынылады. Осы орайда, кепіл мүлік мәселелесін шешудің де тиім жолы қарастырылған. Яғни, қажет болған жағдайда, қарыз сомасының 85%-ына дейін «Даму» қорының кепілдігімен қамтылуы мүмкін. Қаржыландыру республика бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның ауқымды филиалдық желісі және серіктес қаржы институттары арқылы жүзеге асырылады.

Жүйелі жұмыс қолдау көлемінің тұрақты өсуін қамтамасыз етіп отыр. Егер 2022 жылы «Кең дала» бағдарламасына 140 млрд теңге бөлінген болса, ағымдағы жылы 700 млрд теңге жоспарланған. Оның 500 млрд теңгеден астамы қазірдің өзінде игерілді.

Бұл аграрлық саланы қолдаудың жүйелі қадамдары жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді. «Кең дала 2» бағдарламасына қатысуға өтінім беру үшін сала өкілдері «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның аймақтық филиалдарына жүгіне алады.

Толық ақпаратты Agrocredit.kz сайтынан және Call-орталықтың байланыс нөмірлері бойынша алуға болады: 5353 (Kcell, Activ, Beeline) және +7 775 007 68 07 (Tele2, Altel).

«ST» - ақпарат



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«АҚ Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы үшін 2025 жылы 6 қараша сағат 15:00 де Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Қараөлән а. о., Қайнар а., Қайнар көшесі, 421 үй, (Қараөлән а. о. әкімдігінің конференц-залы) мекенжайы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Тыңдалым барысында Абай облысындағы Мизек көн орнының көн ауданының 137 блогы шегіндегі лицензиялық алаңда қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары (ТПИ) үшін жұмыс жобасына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (Құжат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы), «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» талқыланады.

«Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында ndbecology.gov.kz және Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk> танысуға болады. Барлық ескертулер немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктіріл-

мейтін мерзімде ақпараттық жүйеде ndbecology.gov.kz және мекенжайы: Семей қ., Тұрлыханов, даңғ., 30, e-mail: prirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru мекенжайы бойынша қабылданады, сондай-ақ жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты және Zoom конференциялар қосылу сілтемесін e_mail: esir_01@mail.ru немесе 87759701794 нөмірі бойынша алуға болады. Жобаның тапсырыс берушісі: «АҚ Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы, «Алтыналмас АҚ» АҚ қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры-Бақтығали Абырой Аманұлы, БСН: 950640000810, Заңды мекенжайы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй, Тел: +7 (7273) 500-200; e_mail: larisa.solovei@altynalmas.kz. Жобаны әзірлеуші: «Экологический центр инновации и реинжиниринга» ЖШС, Бас директор Хусайнов М.М., БСН:130740012440 Мекенжайы: Тараз қаласы Қойгельді көшесі №55, e_mail: esir_01@mail.ru, тел:87784006666.

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Жаңасемей ауданы, Қараөлән а. о., Қайнар а. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49°19'83"С. Е. және 77°38'69" ш. б. Объектінің географиялық координаттары: 48°58'00 "С. Е. 77°43'00" ш. б. Онлайн қосылымына сілтеме <https://us06web.zoom.us/j/89251449483?pwd=aX0dsMGLa7DwQlZhSUwnnFRjC38EJ.1>, конференция идентификаторы: 892 5144 9483, кіру коды: 123456



- Қазіргі уақытта Қазақстанда зейнетақының қай бөлігіне салық салынады, қайсысына салынбайды?

- Қазақстанда мемлекеттік бюджеттен берілетін зейнетақы төлемдеріне салық салынбайды, ал Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін төлемдерге салық салынады. Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері төлем көзінен 10% мөлшерлемесі бойынша жеке табыс салығы (ЖТС) салынатын кіріске жатады. Яғни, зейнетақы жарналары жеке зейнетақы шоттарына салық салынғанға дейін аударылады. Ал ЖТС төлемдер жасалған кезде ұсталады. ЖТС міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерімен жиынтық түрде ұсталады. Бұл ретте түзету және салық шегерімдерінің сомалары ескеріледі.

Алайда бұл норма тек 2025 жылдың соңына дейін күшінде болады. Естеріңізге сала к-

тейік, жаңа Салық кодексі 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді және оған сәйкес БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінен ЖТС ұсталмайды.

- ҚР жаңа Салық кодексіне зейнетақы төлемдеріне салынатын жеке табыс салығына (ЖТС) қатысты қандай өзгерістер енгізілді?

- ҚР жаңа Салық кодексіне сәйкес, алушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, 01.01.2026ж. бастап жеке табыс салығы (ЖТС) зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен, сондай-ақ тұрғын үйге және/немесе емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінен (БЗТ) ұсталмайды. Сонымен қатар 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үйге/емделуге БЗТ алып, одан ЖТС төлеу міндеттемесін кесте бойынша зейнетақы төлемдерін алғанға дейін кейінге қалдырғандар, ол міндеттемеден босатылады.

- 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін ұсталған ЖТС қайтарыла ма?

- Жаңа Салық кодексінің ережелері 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының бейрези-

- Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес тұрғын үйге/емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану кезінде ЖТС ұстау көзделген. Бұл ретте алушының таңдауына ЖТС ұстап қалудың екі жолы ұсынылады: БЗТ алған кезде бірден немесе зейнеткерлікке шыққанға дейін кейінге қалдыру. 01.01.2026 ж. бастап жаңа Салық кодексінің енгізілуіне байланысты салымшы ЖТС-ты бұған дейін төлеп қойған болса, ол қайтарылмайды. Ал кейінге қалдырылған ЖТС бойынша міндеттемелердің күші жойылады.

Айта кетейік, 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінен және біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС есептеу, ұстап қалу және төлеу қолданыстағы режимде жүзеге асырылатын болады.

- Егер алушы зейнеткерлік жасқа жеткен және ЖТС төлеп отырған жағдайда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ЖТС ұстап қалу жалғастырыла ма?

- Жаңа Салық кодексінің ережелері 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының бейрези-

денттеріне БЖЗҚ-дан жүзеге асырылатын зейнетақы төлемдерін қоспағанда, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі кірістерді жеке табыс салығынан босатуды көздейді.

- Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салық шегерімдері туралы норма қалай өзгереді?

Өзгерістер 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз пайдасына жасалған ерікті зейнетақы жарналары бойынша салық шегерімдерін жоюды қамтиды. Алайда БЖЗҚ-дан берілетін төлемдердің басқа түрлері сияқты ЕЗЖ есебінен жасалатын төлемдер де ЖТС-тан босатылады.

Бұл ретте салық агентінің БЖЗҚ-ға қызметкердің пайда-сына аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып саналмайтындықтан, оған ЖТС салынбайды, ал жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерілуге жатады деген норма сақталады. Яғни, бұл жағдайда қызметкер де, жұмыс беруші де салық жеңілдіктерін алады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

Директор – Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА

бас редактор Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ

Редактордың орынбасары – жауапты хатшы Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytanu.kz

www.semeytanu.kz Email: info@semeytanu.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді. Алтасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада – 8 776 740 87 21, Бесқарағайда – 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлімсі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20555

Көзекші редактор Гүлім Заманбекқызы